

## **Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 88 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 9 желтоқсанда № 37562 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз**

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 48) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидаларға 1-қосымшаның "Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп"

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымшаның 20-тармағын қоспағанда, осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2026 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1) Қағидалардың 11-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"11. Есептілікті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелер "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп, көрсетіледі.";

2) Қағидаларға 5-қосымшаның "Банкаралық активтер және міндеттемелер бойынша есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымшаның 16-тармағы бірінші бөлігінің қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"16. 7.1-жолда есепті кезең ішінде алынған қарыздың немесе 1 (бір) жылға дейінгі (қоса алғанда) мерзімі бар есепті кезең ішінде орналастырылған (тартылған) салымның сомасы мәміле бойынша есеп айырысу валютасында көрсетіледі. 7.2-жолда 7.1-жолда көрсетілген соманың теңгемен баламасы мәміле жасалған күні "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп, көрсетіледі.";

3) Қағидаларға 6-қосымшаның "Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымшаның 15-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"15. 1-кестенің 7-жолында облигациялар бойынша номиналды құны, акциялар бойынша сатып алу құны көрсетіледі. Құн көрсеткіші теңгемен транзакция күніне көрсетіледі (номиналы шетел валютасымен көрсетілген бағалы қағаздар үшін теңгедегі құнының баламасы "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013

жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп, көрсетіледі).";

4) Қағидаларға 10-қосымшаның "Банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымшаның 20-тармағы екінші бөлігінің қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Шетел валютасындағы шарт бойынша мәміле сомасы шартты жасасу күніне " Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп, көрсетіледі.";

5) Қағидаларға 11-қосымшаның "Резидент-клиенттердің шоттары мен салымдары бойынша есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымшаның 14-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"14. Шетел валютасындағы шоттар мен салымдар бойынша сома "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) сәйкес валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі:

3.5 және 3.6-жолдар бойынша – шетел валютасымен операция жүргізу күніне;

3.7-жол бойынша – есепті күнге.";

6) Қағидаларға 13-қосымшаның "Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі және сыйақы мөлшерлемелері бойынша есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымшаның 6-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"6. Шетел валютасындағы депозиттер бойынша сома есепті күнге "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99

бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 15 қаулы және № 99 бұйрық) көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі.";

7) Қағидаларға 13-қосымшаның "Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі және сыйақы мөлшерлемелері бойынша есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымшаның 15-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"15. Егер есепті ай ішінде шетел валютасындағы депозиттер бойынша есепте көзделген ашу, мерзімін ұзарту, толықтыру, ішінара алу операциялары жүргізілген болса, сома шетел валютасымен операциялар жүргізу күніне № 15 қаулыда және № 99 бұйрықта көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі.";

8) Қағидаларға 13-қосымшаның "Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі және сыйақы мөлшерлемелері бойынша есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымшаның 32-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"32. Жаңадан тартылған шетел валютасындағы депозиттер шетел валютасындағы депозитті тарту күніне № 15 қаулыда және № 99 бұйрықта көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі.";

9) Қағидаларға 18-қосымшаның "Екінші деңгейдегі банк, екінші деңгейдегі банктің клиенттері, екінші деңгейдегі банктің өнімдері мен көрсететін қызметтері, қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз операциялары, екінші деңгейдегі банк клиенттерінің сыртқы экономикалық келісімшарттары және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымшаның 2-тармағы үшінші бөлігінің қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Шетел валютасындағы операциялар бойынша сома есепті айдың соңғы күніне қайта есептеу жүргізілетін репатриациялау мерзімі бұзылған келісімшарттарды қоспағанда, операцияны жүргізудің соңғы күніне не есепті кезеңнің соңғы күніне " Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп, көрсетіледі.".

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің Төрағасы  
2025 жылғы 2 желтоқсандағы  
№ 88 қаулысымен бекітілді

**Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының есептілікті ұсыну қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 48) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 1-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды, екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – банктер) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) есептілікті ұсыну кезеңділігі мен мерзімдерін қоса, оны ұсыну тәртібі айқындалады.

2. Есептілік Ұлттық Банкке есептілікті ұсыну сервистеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде ұсынылады.

3. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесіне ақпаратты жүктеу кезінде нысанішілік бақылау жүзеге асырылады. Нысанішілік бақылау кезінде қателер анықталған жағдайда, ақпараттық жүйе ақпаратты қабылдамайды.

4. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесіне нысанішілік бақылаудан өткен, көрсетілген есепті кезеңдегі ақпаратты соңғы жүктеудің нақты күні тиісті есепті кезең үшін есептілікті ұсынуды аяқтау күні болып табылады.

5. Басшының немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен есептілікті куәландыру есептілікті ұсыну аяқталған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

6. Есептіліктегі деректердің толықтығы мен дәйектілігін банктің басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қамтамасыз етеді.

7. Банк басшысының немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адамның және орындаушының электрондық-цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған есептілік электрондық форматта сақталады.

8. Балама сәйкестендіру нөмірі Қазақстан Республикасының бейрезидент контрагент банкері сәйкестендіргіштерінің бірі ретінде болады, есептілікті ұсынатын банк үшін бірегей және банктің осы тұлғамен өзара қарым-қатынасы кезеңі ішінде өзгермейтін болып табылады.

9. "Резидент" және "бейрезидент" деген ұғымдар "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәндерде пайдаланылады.

10. Ақпаратты мәмілелерге дейін нақтылауды көздейтін нысандарда есеп беретін банктің ақпараттық жүйесінде мәміленің бірегей сәйкестендіргіші болатын мәміленің (транзакцияның) референсі (коды) көрсетіледі. Референс мәнінің жолы мәтіндік деректер форматында және мәтіндік және сандық элементтерді қамтуы мүмкін.

Ақпаратты мәмілелерге дейін нақтылауды көздемейтін нысандарда референс ретінде ұсынылатын деректер жиынтығының бірегей нөмірі көрсетіледі, ол мынадай тәртіпте қалыптастырылады:

алғашқы сегіз таңба – "ЖЖЖЖККАА" форматындағы есептік күн, мұнда "ЖЖЖЖ" – жыл, "КК" – күн, "АА" – ай;

бір таңба – белгіленген бөлгіш "\_";

соңғы алты таңба – реттік нөмірі (000001-ден 999999-ға дейін).

Жүйеде есеп беретін мәміленің (транзакцияның) референсі (коды) банкі болмаған кезде банк осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген алгоритмді пайдалануы мүмкін.

11. Есептілікті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелер "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 56 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 544 бірлескен қаулысы мен бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36983 болып тіркелген) көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп, көрсетіледі.

12. Қағидаларда көзделген есеп нысандары кестелерінің кез келгені бойынша деректер болмаған кезде ол бойынша мәліметтер берілмейді, бұл туралы банктер осы кесте бойынша мәліметтерді ұсынудың белгіленген мерзімінен кешіктірмей жазбаша түрде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне хабарлайды

13. Екінші деңгейдегі банк, бейрезидент-банктің филиалы өзінің барлық филиалдары бойынша деректерді қамтитын есептілікті Ұлттық Банкке ұсынады.

## **2-тарау. Екінші деңгейдегі банктердің есептілікті ұсыну тәртібі**

14. Екінші деңгейдегі банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есепті – есепті күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей, күн сайын ұсынады, оған мыналар:

есепті күннен кейінгі төрт жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылатын, айдың бірінші, екінші және соңғы жұмыс күндері үшін есептер;

аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (оның ішінде банкішілік операциялар бойынша айналымдар болмаған кезде) жылдың соңғы жұмыс күні үшін қосымша есеп (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қосылмайды;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетел валютасымен биржадан тыс операциялар туралы есепті – есепті күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, күн сайын;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк қызметінің жекелеген көрсеткіштері туралы есепті – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) жылдың соңғы жұмыс күні үшін қосымша есепті (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

5) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкаралық активтер және міндеттемелер бойынша есепті – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (есепті айда банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) желтоқсан айы үшін қосымша есепті (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

6) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есепті – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші

қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (есепті айда банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) желтоқсан айы үшін қосымша есепті (есепті айда банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

7) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есепті – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (есепті айда банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) желтоқсан айы үшін қосымша есепті (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

8) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басқа да жіктелетін активтер мен ірі дебиторлар туралы есепті:

басқа да жіктелетін активтер туралы мәліметтер бөлігінде – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) желтоқсан айы үшін басқа да жіктелетін активтер туралы қосымша есепті (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың он бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

ірі дебиторлар туралы мәліметтер бөлігінде – есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

9) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген қарыздар және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері туралы есепті – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (есепті айда банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) желтоқсан айы үшін қосымша есепті (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың он бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

10) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есепті – банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың тізілімі бөлігінде – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы мәліметтер және банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы қосымша мәліметтер бөлігінде – есепті айдан кейінгі айдың он бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

11) Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша резидент-клиенттердің шоттары мен салымдары бойынша есепті – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (есепті айда банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) желтоқсан айы үшін қосымша есепті (банкішілік

операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың сегізінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

12) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тартылған ақшаның негізгі қаражат көздері туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей, ай сайын;

13) Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі мен сыйақы мөлшерлемелері бойынша есепті – есепті айдан кейінгі айдың он екінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

желтоқсан айы үшін қосымша есеп (банкшілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылады (есепті айда банкшілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде);

14) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша талаптар мен міндеттемелерді орындау кестелеріне сәйкес қаражат әкету және әкелу туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

15) Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол ақшамен операциялар туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың отызыншы күнінен кешіктірмей, ай сайын;

16) Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығын келтірген операциялық тәуекел оқиғаларының мониторингі туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың отызыншы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

17) Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басшы қызметкерлерге төленген кіріс туралы есепті – қаржы жыл аяқталуы бойынша күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде, жыл сайын;

18) Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екінші деңгейдегі банк, екінші деңгейдегі банктің клиенттері, екінші деңгейдегі банктің өнімдері мен көрсететін қызметтері, қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз операциялары, екінші деңгейдегі банк клиенттерінің сыртқы экономикалық келісімшарттары және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар туралы есепті – қаржы жылы аяқталуы бойынша күнтізбелік отыз алты күннен кешіктірмей, жыл сайын;

19) Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы активтеріндегі және пассивтеріндегі өзгерістер туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын ұсынады.

**3-тарау. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының есептілікті ұсыну тәртібі**

15. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары Ұлттық Банкке:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есепті – есепті күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей, күн сайын ұсынады, оған мыналар:

есепті күннен кейінгі төрт жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылатын, айдың бірінші, екінші және соңғы жұмыс күндері үшін есептер;

аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (оның ішінде банкішілік операциялар бойынша айналымдар болмаған кезде) жылдың соңғы жұмыс күні үшін қосымша есеп (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қосылмайды;

2) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

3) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкаралық активтер және міндеттемелер бойынша есепті – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (есепті айда банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) желтоқсан айы үшін қосымша есепті (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

4) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есепті – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (есепті айда банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) желтоқсан айы үшін қосымша есепті (есепті айда банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

5) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есепті – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (есепті айда банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) желтоқсан айы үшін қосымша есепті (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

6) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басқа да жіктелетін активтер мен ірі дебиторлар туралы есепті:

басқа да жіктелетін активтер туралы мәліметтер бөлігінде – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) желтоқсан айы үшін басқа да жіктелетін активтер туралы қосымша есепті (банкішілік операциялар бойынша

қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың он бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын ұсынады;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары ірі дебиторлар туралы мәліметтер бөлігін ұсынбайды;

7) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген қарыздар және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері туралы есепті – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (есепті айда банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) желтоқсан айы үшін қосымша есепті (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың он бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

8) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есепті – банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың тізілімі бөлігінде – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы мәліметтер және банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы қосымша мәліметтер бөлігінде – есепті айдан кейінгі айдың он бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

9) Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша резидент-клиенттердің шоттары мен салымдары бойынша есепті – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (есепті айда банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) желтоқсан айы үшін қосымша есепті (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың сегізінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

10) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей, ай сайын;

11) Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі мен сыйақы мөлшерлемелері бойынша есепті – есепті айдан кейінгі айдың он екінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

желтоқсан айы үшін қосымша есепті (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады (есепті айда банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде);

12) Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол ақшамен операциялар туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың отызыншы күнінен кешіктірмей, ай сайын;

13) Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығын келтірген операциялық тәуекел оқиғаларының мониторингі туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың отызыншы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

14) Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басшы қызметкерлерге төленген кіріс туралы есепті – қаржы жыл аяқталуы бойынша күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде, жыл сайын;

15) Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы активтеріндегі және пассивтеріндегі өзгерістер туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын ұсынады.

#### **4-тарау. "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының есептілікті ұсыну тәртібі**

16. "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы Ұлттық Банкке:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есепті – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылатын (оның ішінде банкішілік операциялар бойынша айналымдар болмаған кезде) жылдың соңғы жұмыс күні үшін қосымша есепті (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

2) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетел компанияларының филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

3) Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы активтеріндегі және пассивтеріндегі өзгерістер туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын ұсынады.

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының және  
"Қазақстанның Даму Банкі"  
акционерлік қоғамының  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
1-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 700-N(D)

Кезеңділігі: күн сайын, ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ үшін

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

1) екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары:

есепті күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей, күн сайын, оған мыналар:

есепті күннен кейінгі төрт жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылатын айдың бірінші, екінші және соңғы жұмыс күндері үшін есептер;

аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей (оның ішінде банкішілік операциялар бойынша айналымдар болмаған кезде) ұсынылатын жылдың соңғы жұмыс күні үшін қосымша есеп (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып) қосылмады;

2) "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы:

есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

жылдың соңғы жұмыс күні үшін қосымша есепті (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке алғанда) – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей.

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	2	3
1	Шот нөмірі	
2	Резиденттік белгісі	
3	Экономика секторлары топтарының коды	
4	Номинация валютасының белгісі	
5	Сомасы	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

\_\_\_\_\_  
тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп"

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Баланстық және баланстан  
тыс шоттардағы қалдықтар  
туралы есеп" әкімшілік  
деректерді өтеусіз негізде  
жинауға арналған нысанына  
қосымша

**Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп (индексі – 700-N(D), кезеңділігі – күн сайын, ай сайын)**

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы Нысанды – ай сайын жасайды, есепті күннің соңындағы жағдай бойынша толтырады.

Қосымша есеп Нысан бойынша жыл сайын (оның ішінде банкішілік операциялар бойынша айналымдар болмаған кезде) жасалады, банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып, жылдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша толтырылады.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

5. Нысан мен осы түсіндірмедегі шоттардың нөмірлері "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "

Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) сәйкес көрсетіледі.

6. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіш міндетті түрде толтырылады.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

7. Нысанда баланстық (активтер, міндеттемелер, меншікті капитал, кіріс, шығыс) және баланстан тыс (шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер, балансқа меморандум шоттары) шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

8. Нысанда мерзімдері бойынша активтер мен міндеттемелердің мынадай жіктемесі қабылданды:

қысқа мерзімді – бір жылға дейін қоса алғанда;

ұзақ мерзімді – бір жылдан астам.

9. 1, 2, 3 және 4-жолдарда мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардан таңдалады.

10. 1-жолда Үлгі шот жоспарына сәйкес келетін шоттың төрт таңбалы нөмірі көрсетіледі.

11. 2, 3 және 4-жолдарда резиденттік белгісі, экономика секторлары тобының коды және номинация валютасының белгісі осы түсіндірменің 17, 18 және 19-тармақтарына сәйкес ерекшеліктерді ескере отырып, осындай нақтылау қолданылатын шоттар бойынша көрсетіледі.

12. 2-жолда мынадай кодтарға сәйкес резиденттік белгісі көрсетіледі:

"1" коды – Қазақстан Республикасының резиденті;

"2" коды – Қазақстан Республикасының бейрезиденті.

Қазақстан Республикасының резиденті және Қазақстан Республикасының бейрезиденті деген ұғымдар "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәндерде пайдаланылады.

13. 3-жолда "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес экономика секторлары тобының коды көрсетіледі, ол Экономика секторларының ұлттық жіктеуішімен (ЭСЖ) келісімді болады.

14. 4-жолда актив немесе міндеттеменің номинация валютасының белгісі мынадай көрсетіледі:

"1" коды – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында номинирленген активтер мен міндеттемелер үшін,

"2" коды – шетелдік еркін конвертацияланатын валютада немесе бағалы қағаздарда номинирленген активтер немесе міндеттемелер үшін;

"3" коды – еркін конвертацияланатын валюталарға жатқызылмаған басқа шетел валютасында номинирленген активтер немесе міндеттемелер үшін;

Еркін конвертацияланатын валюталарға мыналар жатады:

Аустралия доллары (AUD);

Канада доллары (CAD);

Швейцария франкі (CHF);

Қытай юані (CNY);

Дат кронасы (DKK);

Еуро (EUR);

Біріккен Корольдіктің фунт стерлингi (GBP);

Гонконг доллары (HKD);

Мажарстан форинті (HUF);

Жаңа Израиль шекелі (ILS);

Жапон йенасы (JPY);

Корей Республикасының вонасы (KRW);

Мексика песосы (MXN);

Норвегия кронасы (NOK);

Жаңа Зеландия доллары (NZD);

Швед кронасы (SEK);

Сингапур доллары (SGD);

АҚШ доллары (USD);

Оңтүстік Африка рэндi (ZAR).

15. 2 және 3-жолдарда:

активтер бойынша резиденттік белгісі мен дебитордың (эмитенттің) экономика секторлары тобының коды, міндеттемелер бойынша – резиденттік белгісі мен кредитордың экономика секторлары тобының коды көрсетіледі;

1405, 1406, 1425, 1752 және 1864-шоттар үшін резиденттік белгісі мен вексель берушінің экономика секторлары тобының коды көрсетіледі;

1201, 1202, 1205, 1206, 1208, 1209, 1452, 1453, 1454, 1456, 1457, 1459, 1481, 1482, 1483, 1485, 1486, 1491, 1492, 1494, 1495, 1744, 1745, 1746, 1750 және 1757-шоттар үшін эмитенттің резиденттік белгісі мен экономика секторлары тобының коды көрсетіледі;

2301, 2303, 2306, 2401, 2402, 2405 және 2406-шоттар үшін бағалы қағазды ұстаушының резиденттік белгісі мен экономика секторлары тобының коды, бағалы қағазды ұстаушыны анықтау мүмкіндігі болмаған кезде – бағалы қағазды номиналды ұстаушының (сенімгерлік меншік иесінің) резиденттік белгісі мен экономика секторлары тобының коды көрсетіледі.

16. 3-жолда Ұлттық пошта операторына қатысты активтер мен міндеттемелер шоттары бойынша экономика секторлары тобының "5" деген коды көрсетіледі.

17. 1007, 1009, 1603 және 1604-шоттар бойынша:

2-жолда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған, бағалы металдардан жасалған монеталар және ұлттық валютадағы коллекциялық монеталар үшін "1" коды көрсетіледі; бағалы металдардан жасалған монеталар мен Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің коллекциялық монеталары үшін "2" коды көрсетіледі;

3 және 4-жолдарда көрсеткіштер толтырылмайды.

18. 3-жолда көрсеткіш 1811, 1812, 1813, 1814, 1815, 1816, 1817, 1818, 1819, 1820, 1821, 1822, 1823, 1824, 1825, 1826, 1827, 1831, 1832, 1833, 1834, 1835, 1836, 1837, 1838, 1839, 1840, 1841, 1842, 1843, 1844, 1845, 1871, 1880, 2811, 2812, 2813, 2814, 2815, 2816, 2817, 2818, 2819, 2820, 2831, 2832, 2833, 2834, 2835, 2836, 2838, 2839, 2871, 2874, 2880, 3561, 3562, 3563 және 3564-шоттар бойынша ұсынылмайды.

19. 2, 3 және 4-жолдарда көрсеткіштер 20-тармақта көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Үлгі шот жоспарының 1011, 1012, 1601, 1602, 1610, 1651, 1652, 1653, 1654, 1655, 1656, 1657, 1658, 1659, 1660, 1661, 1662, 1691, 1692, 1693, 1694, 1695, 1696, 1697, 1698, 1699, 1854, 1857, 1858, 1859, 1873, 1874, 2854, 2857, 2858, 2859, 2861, 2872, 2873, 3001, 3003, 3025, 3027, 3101, 3200, 3400, 3510, 3540, 3580, 3589, 3599-шоттары, 4 (төртінші), 5 (бесінші), 6 (алтыншы) және 7 (жетінші) жіктемесінің шоттары бойынша ұсынылмайды.

20. 2, 3 және 4-жолдарда 4101, 4102, 4103, 4104, 4105, 4201, 4202, 4251, 4252, 4253, 4254, 4255, 4256, 4257, 4258, 4259, 4261, 4262, 4263, 4264, 4265, 4266, 4267, 4268, 4269, 4270, 4301, 4302, 4303, 4304, 4305, 4306, 4309, 4310, 4311, 4312, 4313, 4314, 4315, 4316, 4317, 4331, 4401, 4403, 4405, 4407, 4411, 4417, 4420, 4422, 4424, 4426, 4427, 4428, 4429, 4430, 4431, 4432, 4433, 4434, 4435, 4436, 4440, 4445, 4452, 4453, 4454, 4455, 4456, 4465, 4466, 4471, 4472, 4477, 4481, 4482, 4491, 4492, 4601, 4602, 4603, 4604, 4605, 4606, 4607, 4608, 4609, 4610, 4611, 4612, 4613, 4614, 4615, 4616, 4617, 4618, 4619, 4709, 4733, 4951, 4952, 4953, 4954, 4955, 4956, 4957, 4958, 4959, 4960, 4961, 4962, 4963, 5034, 5036, 5037, 5038, 5039, 5044, 5046, 5047, 5048, 5049, 5051, 5052, 5053, 5054, 5055, 5056, 5057, 5058, 5059, 5063, 5064, 5065, 5066, 5068, 5069, 5070, 5071, 5072, 5091, 5095, 5111, 5112, 5113, 5121, 5122, 5123, 5124, 5125, 5126, 5127, 5128, 5129, 5130, 5131, 5132, 5133, 5134, 5135, 5136, 5137, 5138, 5139, 5140, 5141, 5142, 5143, 5144, 5145, 5201, 5203, 5204, 5211, 5212, 5215, 5216, 5217, 5218, 5219, 5220, 5222, 5223, 5224, 5225, 5226, 5227, 5228, 5229, 5230, 5232, 5233, 5234, 5235, 5236, 5237, 5238, 5240, 5241, 5260, 5301, 5303, 5305, 5306, 5307, 5308, 5309, 5451, 5452, 5453, 5455, 5456, 5457, 5458, 5459, 5461, 5462, 5464, 5465, 5468, 5469, 5601, 5602, 5603, 5604, 5605, 5606, 5607, 5608, 5609, 5610, 5611-шоттар бойынша есепті тоқсанның соңғы жұмыс күніндегі резиденттік белгісі, экономика секторлары тобының коды мен номинация валютасының белгісі көрсетіледі.

Осы тармақта көрсетілген шот үшін 2, 3 және 4-жолдар тиісті кіріс немесе шығыс байланысты болатын қаржы құралының шотына ұқсас толтырылады.

21. 5-жолда үтірден кейін екі таңбалы сан форматында теңгедегі сома көрсетіледі.

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының және  
"Қазақстанның Даму Банкі"  
акционерлік қоғамының  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Шетел валютасымен биржадан тыс операциялар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ОТС-1

Кезеңділігі: күн сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, күн сайын

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	2	3
1	Контрагент туралы мәліметтер:	
1.1	Атауы	
1.2	сәйкестендіргіш түрі	
1.3	сәйкестендіру нөмірі	
1.4	резиденттік белгісі	
2	Мәміле туралы мәліметтер:	
2.1	мәміле түрі	
2.2	есептеу нысаны	
2.3	мәміле мақсаты	
2.4	мәмілені жасау күні мен уақыты	
2.5	мәмілені валюталау күні	
3	Сатып алу:	
3.1.	валюта коды	
3.2.	мәміле сомасы	

4	Сату:	
4.1	валюта коды	
4.2	мәміле сомасы	
5	Есепті күн	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

\_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Шетел валютасымен биржадан тыс операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Шетел валютасымен биржадан  
тыс операциялар туралы есеп"  
әкімшілік деректерді өтеусіз  
негізде жинауға арналған  
нысанына қосымша

## **Шетел валютасымен биржадан тыс операциялар туралы есеп (индексі – ОТС-1, кезеңділігі – күн сайын)**

### **әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Шетел валютасымен биржадан тыс операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды шетел валютасын сатып алу (сату) бойынша биржадан тыс мәмілелерді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банк күн сайын жасайды. Нысандағы деректер мәміле валютасының бірліктерінде толтырылады.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

5. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда , барлық көрсеткіш толтырылуы міндетті болып табылады.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. Нысанда есеп беретін банк мәміле жасаған сәттен бастап T (мәміле жасалған күні ) немесе T+n (мәміле жасалғаннан кейін, мұндағы n-мәміле жасалған күн мен есеп айырысу күні арасындағы күндер саны) есеп айырысу күні бар қолма-қол және қолма-қол емес нысандағы биржадан тыс мәмілелер бойынша, ұлттық валютамен немесе басқа шетел валютасымен валюталық жұптар бойынша деректер көрсетіледі.

Биржадан тыс мәмілелер бойынша деректерде Қазақстан Республикасының басқа резидент-банктерімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерімен және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарымен жасалған шетел валютасын сатып алу немесе сату жөніндегі мәмілелер қамтылады. Деректерге валютаның бір түрі бойынша қолма-қол ақшасыз өтімділікті қолма-қол ақша өтімділігіне айырбастау жөніндегі мәмілелер кірмейді.

7. 1.2, 1.4, 2.1, 2.2, 2.3, 3.1 және 4.1-жолдарда мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардан таңдалады.

8. Бір шетел валютасын басқа шетел валютасына немесе ұлттық валютаға сатып алу немесе сату бойынша операция Нысанда бірыңғай операция ретінде көрсетіледі.

Своп операциялары бойынша мәміленің екі бөлігі бойынша деректер жеке көрсетіледі.

9. 1.1-жолда екінші деңгейдегі банк жүргізетін контрагенттердің анықтамалығына сәйкес контрагенттің атауы көрсетіледі.

Контрагенттерді сәйкестендіру үшін 1.2 және 1.3-жолдарда сәйкестендіргіштердің мынадай түрлері және олардың мәндері көрсетіледі:

Қазақстан Республикасының резиденттері бойынша – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері бойынша - Халықаралық ұйымның 9362 "Банк ісі. Банктік телекоммуникациялық хабарламалар. Банктердің сәйкестендіру кодтары" стандарттау бойынша халықаралық стандартына сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының контрагентіне берілген банктік сәйкестендіру коды, ол болмаған кезде – бизнес-сәйкестендіру нөмірі, банктік сәйкестендіру коды және бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған кезде – "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі үшін белгіленген алгоритм бойынша банк беретін балама сәйкестендіру нөмірі.

1.4-жолда Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын контрагент бойынша "1" мәні көрсетіледі, Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын контрагент бойынша "2" мәні көрсетіледі.

10. 2.1-жолда мәміле түрі көрсетіледі, 2.2-жолда мәміле бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру нысаны: қолма-қол нысанда, қолма-қол ақшасыз нысанда, базалық активті жеткізумен немесе жеткізбестен, 2.3-жолда мәміле мақсаты көрсетіледі.

2.5-жолда мәмілені валюталау күні (есептеу күні) көрсетіледі. Сплит мәмілесі бойынша осы жолда мәмілені валюталаудың соңғы күні көрсетіледі.

11. 3.1 және 4.1-жолдарда "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының Ұлттық жіктеуішіне сәйкес сатып алу немесе сату валюталарының кодтары көрсетіледі.

3.2 және 4.2-жолдарда валютаны сатып алу немесе сату бойынша мәміленің сомасы үтірден кейінгі екі таңбамен сатып алу немесе сату валютасының бірлігінде көрсетіледі

12. 5-жол банктің шетел валютасымен биржадан тыс операциялары туралы мәліметтер берілетін күнді көрсетуге арналған.

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының және  
"Қазақстанның Даму Банкі"  
акционерлік қоғамының  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
3-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 700DF

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	2	3
1	Шоттың нөмірі	
2	Резиденттік белгісі	

3	Экономика секторлары тобының коды	
4	Номинация валютасының белгісі	
5	Сомасы	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

\_\_\_\_\_ тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге

сәйкес толтырылады.

"Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

**Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы есеп (индексі – 700DF, кезеңділігі – ай сайын)**

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан ай сайын жасалады, айдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша толтырылады.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

5. Нысанда "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарындағы Бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, 2 – резиденттік белгісіне және "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес экономика секторлары тобының 5, 6, 7 және 8 кодтарына сәйкес келетін, Экономика секторларының ұлттық жіктеуішімен (ЭСЖ) келісімді болатын шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен қатынастар бойынша талаптардың немесе міндеттемелердің болуын көрсететін бірінші немесе екінші сыныптарының баланстық шоттарындағы қалдықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. 1-жолда "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесіндегі анықтамалықтан таңдалатын тізімнен Үлгі шот жоспарының төрт таңбалы шот нөмірі көрсетіледі.

7. 2-жолда шетелдік компания филиалының немесе өкілдігінің резиденттік коды көрсетіледі.

8. 3-жолда бас компаниясының экономика секторлары тобының коды сәйкес келетін шетелдік компания филиалының немесе өкілдігінің экономика секторлары тобының коды көрсетіледі.

9. 4-жолда номинация валютасының белгісі көрсетіледі.

10. 5-жолда үтірден кейін екі таңбалы сан форматында теңгедегі сома көрсетіледі.

11. 5-жолда нөлдік мән болмаған кезде 1-жолда көрсетілген әрбір шот үшін 2, 3 және 4-жолдарда мәндер міндетті түрде толтырылады.

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының және  
"Қазақстанның Даму Банкі"  
акционерлік қоғамының  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
4-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)  
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Банк қызметінің жекелеген көрсеткіштері туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ADD-1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар  
тобы: екінші деңгейдегі банктер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

есепті тоқсаннан кейінгі тоқсанның үшінші айының жетінші жұмыс күнінен  
кешіктірмей, тоқсан сайын ұсынылатын Нысанның 8745, 8746, 8747, 8748, 8749 және  
8750 кодтары бар көрсеткіштерін қоспағанда, есепті айдан кейінгі айдың жетінші  
жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын ұсынылады. Аудиттелген жылдық қаржылық  
есептіліктің нәтижелері бойынша төртінші тоқсанның үшінші айының соңғы жұмыс  
күнінің соңында Нысанның 8745, 8746, 8747, 8748, 8749 және 8750 кодтары бар  
көрсеткіштері өзгертілген жағдайда, екінші деңгейдегі банктер түзетілген  
көрсеткіштерді есепті жылдан кейінгі жылғы 5 маусымнан кешіктірмей ұсынады;

жылдың соңғы жұмыс күні үшін қосымша есеп (банкшілік операциялар бойынша  
қорытынды айналымдарды ескере отырып) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы  
отыз бірінші қаңтардан кешіктірілмей (банкшілік операциялар бойынша айналымдар  
болған кезде) ұсынылады

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	2	3
1	Банк қызметі көрсеткішінің коды	
2	Сомасы	
3	Есепті күні	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Банк қызметінің жекелеген көрсеткіштері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге

сәйкес толтырылады.

"Банк қызметінің жекелеген көрсеткіштері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

**Банк қызметінің жекелеген көрсеткіштері туралы есеп (индексі –ADD-1, кезеңділігі – ай сайын)**

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Банк қызметінің жекелеген көрсеткіштері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Екінші деңгейдегі банктер Нысанды есепті айдың әрбір жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша жасайды және есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын ұсынады. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі теңге болып табылады. Құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сандармен көрсетіледі.

Екінші деңгейдегі банктер Нысанның 8745, 8746, 8747, 8748, 8749 және 8750-кодтары бар көрсеткіштерін есепті тоқсанның үшінші айының соңғы жұмыс күнінің соңына жасайды және есепті тоқсаннан кейінгі тоқсанның үшінші айының жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын ұсынады.

Қосымша есеп жыл сайын (банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) Нысан бойынша жасалады, банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдар ескеріле отырып, жылдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша толтырылады.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

5. Осы түсіндірмедегі шоттардың нөмірлері "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) сәйкес көрсетіледі.

6. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда , барлық көрсеткіш міндетті түрде толтырылады.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

7. Нысанда Қағидаларда көзделген есептердің басқа нысандарына енгізілмеген екінші деңгейдегі банк қызметінің жекелеген көрсеткіштері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

8. 1-жолда мән "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде жасалған және орналастырылған анықтамалықтан таңдалады.

9. 8713 және 8714-кодтар бойынша деректерді "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-1-тарауында көзделген қызметті жүзеге асыратын ислам банктері ғана көрсетеді. 8713 және 8714-кодтар бойынша күн (кезең) соңындағы сома Үлгі шот жоспарының 1426 "Сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша клиентке қойылатын талаптар" және 1427 "Сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша мерзімі өткен берешек" баланстық шоттары бойынша қалдықтар сомасына сәйкес келеді.

10. 8713, 8714, 8721, 8722, 8723, 8724, 8725, 8726, 8727, 8728, 8729, 8730, 8731, 8732 , 8733, 8734, 8735, 8736, 8737, 8738, 8739, 8740, 8741, 8742, 8743 және 8744-кодтар бойынша деректер есепті айдың соңғы жұмыс күні үшін ғана көрсетіледі, 8745, 8746, 8747, 8748, 8749 және 8750-кодтар бойынша ағымдағы жылдың басынан (өспелі жиынтықпен) есепті тоқсанның үшінші айының соңғы жұмыс күнінің соңы аралығында , басқа кодтар бойынша - есепті айдың әрбір жұмыс күні үшін көрсетіледі.

11. 8715, 8716, 8717, 8718, 8719, 8720, 8732, 8733, 8734 және 8735-кодтар бойынша деректер "Банктің және банк конгломератының, Қазақстан Республикасының

бейрезидент-банкi филиалының қаржылық жай-күйiнiң нашарлауына әсер ететiн факторларды белгiлеу, сондай-ақ Ертерек ден қою шараларын көздейтiн iс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидаларын және банктiң (банк конгломератының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қаржылық жай-күйiнiң нашарлауына әсер ететiн факторларды анықтау әдiстемесiн бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 317 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілердi мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18186 болып тіркелген) бекітілген Банктiң (банк конгломератының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қаржылық жай-күйiнiң нашарлауына әсер ететiн факторларды анықтау әдiстемесiне сәйкес қалыптастырылады

12. 8715 және 8716-кодтарда Қазақстан Республикасының Үкiметi, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, жергiлiктi атқарушы органдар және акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесiлi, кәсiпкерлiк қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлға шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары қамтылады.

13. 8717-код бойынша көрсетiлген акционерлiк қоғамдардың еншiлес ұйымдары шығарған бағалы қағаздарды есепке алусыз, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлiк қоғамы және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлiк қоғамы шығарған ауыртпалық салынбаған бағалы қағаздар көрсетiледi.

14. 8715, 8716 және 8717-кодтар бойынша екiншi деңгейдегi банк керi сатып алу талабымен сатқан немесе кепiлге берiлген немесе өзге де түрде ауыртпалық салынған бағалы қағаздарды шегергенде, бағалы қағаздардың баланстық құны (есептелген сыйақыны, оң (теріс) түзетулердi, дисконттар мен сыйақыларды есепке ала отырып, халықаралық қаржылық есептiлiк стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтердi (провизияларды) шегергендегi номиналды құны) көрсетiледi. Бұл ретте басқа да жиынтық кiрiс арқылы әдiл құны бойынша бағаланатын қаржы активтерi бойынша шығынға арналған бағалау резервi қаржы активiнiң баланстық құнын азайтпауға тиiс.

8716 және 8717-кодтар бойынша сома Үлгi шот жоспарының 3562-шотында көрсетiлген, әдiл құны бойынша басқа да жиынтық кiрiс арқылы ескерiлетiн бағалы қағаздар бойынша күтiлетiн кредиттік шығынға арналған резервтердiң (провизиялардың) сомасын есепке алмағанда бағалы қағаздар портфелiнiң құрылымы туралы есепте көрсетiлген Қазақстан Республикасының Үкiметi, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және жергiлiктi атқарушы органдар шығарған Қазақстан Республикасының ауыртпалық салынбаған мемлекеттік бағалы

қағаздарының құнына, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздардың құнына сәйкес келеді.

15. 8718 және 8719-кодтар бойынша сомада: бір күндік своп бойынша – жасалған күнгі талаптар (міндеттемелер), екі күндік своп бойынша жасалған күнгі және своп жасалған күннен кейінгі келесі күнгі талаптар (міндеттемелер) қамтылады.

16. 8721, 8722, 8723, 8726 және 8727-кодтар бойынша баланстық және баланстан тыс шоттарда ескерілетін сома көрсетіледі.

17. 8728 және 8731-кодтар бойынша есепті күнгі жағдай бойынша қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі.

18. 8729 және 8730-кодтар бойынша Үлгі шот жоспарына сәйкес 1400 "Клиенттерге қойылатын талаптар" және 1700 "Сыйақы алуға байланысты есептелген кіріс" шоттарының топтары бойынша ескерілетін сома көрсетіледі.

19. 8732-код бойынша олар бойынша құрылған резервтерді шегергенде таза жіктелген қарыздар (банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және "кері репо" операциялары) бойынша сома көрсетіледі.

Таза жіктелген қарыздар деп бухгалтерлік есептің деректеріне сәйкес 10 (он) пайыздан астам деңгейде резервтер қалыптастырылған қарыздардың баланстық құны (дисконттарды (сыйақыларды), оң (теріс) түзетулерді, есептелген сыйақыны және олар бойынша құрылған резервтерді ескере отырып, негізгі борыш) түсініледі.

20. 8733-код бойынша олар бойынша қалыптастырылған резервтерді есепке алмағанда, жіктелген қарыздар (банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және кері репо операциялары) бойынша сома көрсетіледі.

Жіктелген қарыздар деп бухгалтерлік есептің деректеріне сәйкес 10 (он) пайыздан астам деңгейде резервтер қалыптастырылған қарыздар бойынша негізгі борыш сомасы түсініледі.

21. 8735-код бойынша ол бойынша қалыптастырылған резервтерді есепке алмағанда, жіктелген дебиторлық берешек бойынша сома көрсетіледі.

Жіктелген дебиторлық берешек деп бухгалтерлік есептің деректеріне сәйкес 10 (он) пайыздан астам деңгейде резервтер қалыптастырылған дебиторлық берешек түсініледі. Жіктелген дебиторлық берешектің есебіне негізгі борыштың сомасы қосылады.

22. 8736-код бойынша толық жұмыс күні жұмыспен қамтылған қызметкерлердің саны көрсетіледі (ішінара жұмыспен қамтылған екі қызметкер толық жұмыс күні жұмыспен қамтылған бір қызметкер ретінде есептеледі).

23. 8741 және 8742-кодтар бойынша 9 "Қаржы құралдары" (International Financial Reporting Standards – IFRS) халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес тиісінше сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша (бастапқы тану кезінде кредиттік құнсыздану болған сатып алынған немесе құрылған қаржы активтері бойынша) негізгі борыштың және (немесе) есептелген сыйақының сомасы көрсетіледі.

24. 8743-код бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ немесе кемінде 30 (отыз) күнді құрайтын 1 (бір) жылға дейінгі қоса алғанда өтеуге дейінгі мерзімі бар активтердің сомасы мыналарды қоса алғанда көрсетіледі:

заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздар (резервтерді (провизияларды) шегергенде);

банктерге қойылатын талаптар (резервтерді (провизияларды) шегергенде);

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қойылатын талаптар;

бағалы қағаздар (резервтерді (провизияларды) шегергенде);

кері репо операциялары (резервтерді (провизияларды) шегергенде);

реттелген борыш (резервтерді (провизияларды) шегергенде);

өзге қаржы активтері.

Өзге қаржы активтеріне Үлгі шот жоспарының мына шоттарында көрсетілген сомалар жатады:

1753 "Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген кіріс";

1855 "Құжаттамалық есеп айырысулар бойынша дебиторлар";

1860 "Банк қызметі бойынша басқа да дебиторлар";

1861 "Кепілдіктер бойынша дебиторлар";

1864 "Акцептелген вексельдер үшін клиентке қойылатын талаптар";

1877 "Банк қызметіне байланысты дебиторлық берешек бойынша резервтер (провизиялар)";

1879 "Есептелген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)";

1890 "Туынды қаржы құралдарымен жасалған операциялар мен дилинг операциялары бойынша талаптар" шоттар тобы.

Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ немесе кемінде 30 (отыз) күнді құрайтын активтердің барлығы өтелгенге дейінгі түпкілікті мерзім бойынша бөлінеді (өзге қаржы активтерін қосқанда).

Активтердің сомасы есептелген сыйақыны, оң (теріс) түзетулерді, дисконттар мен сыйақыларды ескере отырып, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтерді (провизияларды) шегергенде көрсетіледі.

25. 8744-код бойынша өтеуге мерзімі 1 (бір) жылға дейінгі міндеттемелер мыналарды қоса алғанда көрсетіледі:

клиенттердің салымдары;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-клиенттерінің салымдары;

банктер алдындағы міндеттемелер;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алдындағы міндеттемелер;

айналысқа шығарылған бағалы қағаздар;

халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар;

Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарынан алынған қарыздар;

репо операциялары;

реттелген борыш;

арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары;

басқа да қаржы міндеттемелері.

Басқа да қаржы міндеттемелеріне Үлгі шот жоспарының мына шоттарында көрсетілген сома жатады:

2451 "Мерзімсіз қаржы құралдары";

2727 "Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген шығыс";

2757 "Мерзімсіз қаржы құралдары бойынша есептелген шығыс";

2855 "Құжаттамалық есеп айырысулар бойынша кредиторлар";

2860 "Банк қызметі бойынша басқа да кредиторлар";

2864 "Акцептер бойынша міндеттемелер";

2890 "Туынды қаржы құралдарымен жасалған операциялар мен дилинг операциялары бойынша міндеттемелер" шоттар тобы.

Барлық міндеттемелер өтелгенге дейінгі түпкілікті мерзімі бойынша бөлінеді (басқа да қаржы міндеттемелерін қосқанда).

Міндеттемелер сомасы есептелген шығыс, оң (теріс) түзетулер, дисконттар мен сыйлықақылар ескеріле отырып көрсетіледі.

26. 8743 және 8744-кодтар бойынша тиісінше Қазақстан Республикасының резиденттері мен бейрезиденттері бойынша активтер мен міндеттемелердің теңгедегі және шетел валютасындағы сомасы көрсетіледі.

8743 және 8744-кодтар бойынша сомада талап етілгенге дейінгі активтер мен міндеттемелер қамтылады.

27. 8745 және 8746-кодтар бойынша "Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген) сәйкес пайда мен шығын туралы есептің/жиынтық кіріс туралы есептің "Клиенттердің қарыздары бойынша есептелген пайыздық кіріс" бабы бойынша тиісті күнге тоқсан сайынғы және

жыл сайынғы жеке қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада ашылатын "Заңды тұлғалардың клиенттеріне қарыздар бойынша есептелген пайыздық кіріс" және "Жеке тұлғалардың клиенттеріне қарыздар бойынша есептелген пайыздық кіріс" көрсетіледі.

28. 8747, 8748, 8749 және 8750-кодтар бойынша "Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген) сәйкес ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептің, тиісінше "Клиенттерге қарыздардан алынған пайыздық кіріс", "Операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі ақша ағындары" және "Төленген корпоративтік табыс салығы" баптары бойынша тиісті күнге тоқсан сайынғы және жыл сайынғы жеке қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада ашылатын "Заңды тұлғалардың клиенттеріне қарыздардан алынған пайыздық кіріс", "Жеке тұлғалардың клиенттеріне қарыздардан алынған пайыздық кіріс", "Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағындары" және "Төленген корпоративтік табыс салығы" көрсетіледі.

29. Тиісті жолдардағы 8745, 8746, 8747, 8748, 8749 және 8750-кодтар бойынша көрсеткіштер әрбір есепті тоқсанның алғашқы екі айында ұсынылмайды.

30. Деректер болмаған кезде тиісті жолдардың көрсеткіштері ұсынылмайды.

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының және  
"Қазақстанның Даму Банкі"  
акционерлік қоғамының  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
5-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)  
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Банкаралық активтер және міндеттемелер бойынша есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі:

INTERBNK-1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын; желтоқсан айының қосымша есебі (банкшілік операциялар бойынша қорытынды айналымдар ескерілген) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей (есепті айда банкшілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде)

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	2	3
1	Контрагент туралы мәліметтер:	
1.1	атауы	
1.2	сәйкестендіргіш түрі	
1.3	сәйкестендіргіш	
1.4	экономика секторлары тобының коды	
1.5	резиденттік белгісі	
1.6	тіркелген елі	
2	Мәміленің референсі (коды)	
3	Активтің, міндеттеменің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің түрі	
4	Валюта коды	
5	Мәміле жасалған күн	
6	Талаптарды, міндеттемелерді орындау күні	
7	Салымдар және тартылған қарыздар бойынша айналымдар:	
7.1	есепті кезеңде тартылған (орналастырылған) қаражат, валюта бірлігінде	
7.2	есепті кезеңде тартылған (орналастырылған) қаражат, теңгедегі баламасы	
8	Сыйақы мөлшерлемесі	
9	Активтің, міндеттеменің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің құндық көрсеткіштері:	
9.1	құндық көрсеткіштің түрі	
9.2	шот нөмірі	
9.3	Сомасы	
10	Кредиттік тәуекел сатысы	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

\_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Банкаралық активтер және міндеттемелер бойынша есеп" әкімшілік

деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге

сәйкес толтырылады.

"Банкаралық активтер және  
міндеттемелер бойынша есеп"  
әкімшілік деректерді өтеусіз  
негізде жинауға арналған  
нысанына қосымша

**Банкаралық активтер және міндеттемелер бойынша есеп (индексі – INTERBANK-1, кезеңділігі – ай сайын)**

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Банкаралық активтер және міндеттемелер бойынша есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Берілген қарыздарды, "кері репо" операцияларын, болашақта берілетін қарыздар, шығарылған және расталған кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша шартты және ықтимал талаптарды қоспағанда, олар бойынша мәліметтер Нысан бойынша ұсынылатын банкаралық активтерде банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының резидент-қаржы ұйымдарына және бейрезидент-қаржы ұйымдарына қатысты активтері, шартты және ықтимал талаптары қамтылады.

Олар бойынша мәліметтер Нысан бойынша ұсынылатын банкаралық міндеттемелерде болашақта берілетін қарыздар, шығарылған және расталған кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша шартты және ықтимал міндеттемелерді

қоспағанда, банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының резидент-қаржы ұйымдары және бейрезидент-қаржы ұйымдары алдындағы міндеттемелері, шартты және ықтимал міндеттемелері қамтылады.

3. Нысанды екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары есепті айдың соңындағы жағдай бойынша ай сайын банкаралық активтер мен банкаралық міндеттемелердің құндық көрсеткіштері үшін және салымдар мен қарыздарды тарту (орналастыру) операциялары бойынша есепті айдағы сомада жасайды.

Банкаралық активтер мен міндеттемелердің құндық көрсеткіштері үшін өлшем бірлігі – теңге. Банкаралық активтер немесе міндеттемелер бойынша есепті айдағы айналым үшін көрсеткіштер тиісті валюта бірліктерімен және ұлттық валютадағы баламаны көрсету үшін теңгемен өлшенеді. Құндық көрсеткіштер үтірден кейінгі екі таңбалы сандармен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

5. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

6. Нысан мен осы түсіндірмедегі шоттардың нөмірлері "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) сәйкес көрсетіледі.

7. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіш міндетті түрде толтырылады.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

8. Нысанда мынадай контрагенттер бойынша банкаралық активтер және банкаралық міндеттемелер бойынша мәліметтер көрсетіледі:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының резидент-банктері;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері;

банк шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент-қаржы ұйымдары;

банк шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымдары.

9. 1.2, 1.4, 1.5, 1.6, 3, 4, 9.1, 9.2 және 10-жолдарда мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардан таңдалады.

10. Нысан бойынша мәліметтер:

банкте, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалында корреспонденттік қатынастар орнатылған;

есепті күнге қойылатын талаптар және (немесе) міндеттемелер бар;

есепті кезең ішінде операциялар жүргізілген әрбір контрагент бойынша толтырылады.

Нысанға банкішілік операциялар бойынша мәліметтер енгізілмейді.

Банк шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын қаржы ұйымдары болып табылатын банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының контрагенттері бойынша Үлгі шот жоспарына сәйкес 1052, 1054, 1259, 1264, 1267 және 2014 баланстық шоттардағы қалдықтар бойынша ғана мәліметтер ашылады.

11. 1.1-жолда екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы жүргізетін контрагенттер анықтамалығына сәйкес контрагенттің атауы көрсетіледі.

Контрагенттерді сәйкестендіру үшін 1.2 және 1.3-жолдарда сәйкестендіргіштердің мына түрлері және олардың мәндері:

Қазақстан Республикасының резиденттері бойынша – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері бойынша - Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның 9362 "Банктік іс. Банктік телекоммуникациялық хабарламалар. Банктердің сәйкестендіру кодтары" халықаралық стандартына сәйкес банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының контрагентіне берілген банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі.

12. 1.4-жолда "Экономика секторларының кодтарын қолдану және төлемдерді тағайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) бекітілген Экономика секторларының кодтарын қолдану және төлемдер тағайындау қағидаларына сәйкес контрагенттің экономика секторлары тобының коды көрсетіледі, ол Экономика секторларының ұлттық жіктеуішімен (ЭСЖ) келісімді болады.

1.5-жолда Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын контрагент бойынша "1" мәні көрсетіледі, Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын контрагент бойынша "2" мәні көрсетіледі.

1.6-жолда контрагенттің тіркелген (инкорпорация) елінің коды "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар" ISO 3166-1 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

13. 2-жолда екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының ақпараттық жүйесінде осы мәміленің бірегей сәйкестендіргіші болатын мәміленің референсі (коды) көрсетіледі.

14. 4-жолда "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес сәйкес мәміле бойынша есеп айырысу валютасының коды көрсетіледі.

15. 5 және 6-жолдарда мәміленің жасалған күні, шарт талаптары бойынша мәміле бойынша талаптардың (міндеттемелердің) орындалған күні көрсетіледі.

16. 7.1-жолда есепті кезең ішінде алынған қарыздың немесе 1 (бір) жылға дейінгі (қоса алғанда) мерзімі бар есепті кезең ішінде орналастырылған (тартылған) салымның сомасы мәміле бойынша есеп айырысу валютасында көрсетіледі. 7.2-жолда 7.1-жолда көрсетілген соманың теңгемен баламасы мәміле жасалған күніне "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 56 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 544 бірлескен қаулысы мен бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36983 болып тіркелген) көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп, көрсетіледі.

7.1 және 7.2-жолдарда:

олар бойынша шарттарды ұзарту кезіндегі қарыздар немесе салымдар сомасы;

бұрын алынған қарыздар және орналастырылған (тартылған) салымдар бойынша есептелген сыйақыны капиталдандыру сомасы;

ағымдағы және корреспонденттік шоттарда орналастырылған (тартылған) сомалар; шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер көрсетілмейді.

7.1 және 7.2-жолдарда деректер болмаған кезде көрсеткіштер ұсынылмайды.

17. 8-жолда 7.1 және 7.2-жолдарда көрсетілген есепті кезең ішінде алынған қарыздар немесе орналастырылған (тартылған) салымдар бойынша жылдық мәнінде шарт бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі.

7.1 және 7.2-жолдар бойынша деректер болмаған кезде 8-жолдағы көрсеткіш ұсынылмайды.

18. 9.2. және 9.3-жолдарда Шоттардың үлгі жоспары шоттарының нөмірлері және есепті күнгі жағдай бойынша осы мәміле бойынша банкаралық активтердің, міндеттемелердің сомалары есепке алынатын барлық шоттар үшін оларға сәйкес келетін құны бойынша мәндер көрсетіледі. Егер құндық мән нөлге тең болса, 20-тармақта көрсетілген жағдайларды қоспағанда, 9.1, 9.2, 9.3 және 10-жолдар бойынша көрсеткіштер ұсынылмайды.

19. 10-жолда 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (International Financial Reporting Standards – IFRS) сәйкес есепті күндегі жағдай бойынша активтер, шартты міндеттемелер жатқызылған несиелік тәуекел сатысы көрсетіледі.

10-жолдағы көрсеткіш 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (International Financial Reporting Standards – IFRS) және банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының провизияларын (резервтерін) есептеудің ішкі әдістемесіне сәйкес құнсыздануға қатысты талаптар қолданылмайтын активтер мен шартты міндеттемелер бойынша толтырылмайды.

20. Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы контрагентте ашқан немесе контрагент банкте, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалында ашқан корреспонденттік шот үшін 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5, 1.6, 2, 3, 4, 9.1, 9.2 және 9.3-жолдар бойынша көрсеткіштер есепті күнгі осындай шотта ақша қалдығының бар-жоғына қарамастан толтырылады. Егер есепті күні қалдық болмаса, Нысанда 9.3-жолда "0" (нөл) деп көрсетіледі.

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының және  
"Қазақстанның Даму Банкі"  
акционерлік қоғамының  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
6-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: PORTF-1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімдері:

есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

желтоқсан айының қосымша есебі (есепті айда банкішілік операциялар бойынша

қорытынды айналымдарды ескере отырып) аяқталған қаржы жылынан кейінгі

ЖЫЛҒЫ

отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылады (есепті айда банкішілік операциялар

бойынша айналымдар болған кезде)

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Бағалы қағаздар портфеліне кіретін бағалы қағаздар бойынша транзакциялар туралы мәліметтер

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Бағалы қағаздың сәйкестендіру коды	
2	Транзакция референсі	
3	Операция түрі	
4	Бұдан бұрын кепіл ретінде қабылданған және банктің меншігіне өткен бағалы қағаздарға сәйкес келу белгісі	
5	Транзакция күні	
6	Бағалы қағаздар саны	
7	Бағалы қағаздың сатып алу құны	
8	Сатып алу күніндегі бағалы қағаздың рейтингі	

2-кесте. Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы мәліметтер

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Бағалы қағаздың сәйкестендіру коды	
2	Бағалы қағаздар есепке алынатын портфель түрі	
3	Портфельдегі бағалы қағаздар саны	
4	Портфельдегі бағалы қағаздарды құны бойынша көрсеткіштері:	
4.1	құны бойынша көрсеткіш түрі	
4.2	шот нөмірі	
4.3	Сомасы	
5	Ауыртпалық салынған бағалы қағаздар және репо операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздар:	
5.1	бағалы қағаздар саны	
5.2	баланстық құны	
6	Репо операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздар:	

6.1	бағалы қағаздар саны	
6.2	баланстық құны	
7	Есепті күні эмитенттің рейтингі	
8	Есепті күні бағалы қағаздың рейтингі	
9	Кредиттік тәуекел сатысы	
10	Есепті күн	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

\_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге

сәйкес толтырылады.

"Бағалы қағаздар портфелінің  
құрылымы туралы есеп"  
әкімшілік деректерді өтеусіз негізде  
жинауға арналған  
нысанға қосымша

**Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп (индексі – PORTF-1, кезеңділігі – ай сайын)**

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары есепті айдың соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды.

Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі – теңге. Құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сандармен көрсетіледі.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде пайдаланылатын анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

5. Нысан мен осы түсіндірмедегі шоттардың нөмірлері "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) сәйкес көрсетіледі.

6. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіш міндетті түрде толтырылады.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

7. Нысанда еншілес және қауымдасқан ұйымдардың акцияларына (жарғылық капиталдарға қатысу үлестеріне) салымдарды және заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына өзге де қатысуды қоспағанда, екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалының борыштық және үлестік бағалы қағаздарға салымдары туралы мәліметтер көрсетіледі.

8. 1-кестенің 1, 3, 4 және 8-жолдарында және 2-кестенің 1, 2, 4.1, 4.2, 7, 8 және 9-жолдарында мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардан таңдалады.

9. Нысанның 1-кестесі есепті айда бағалы қағаздармен жүргізілген әрбір транзакция бойынша жеке толтырылады.

Нысанның 2-кестесі есепті айдың соңында банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалының портфеліндегі әрбір бағалы қағаз бойынша жеке толтырылады.

10. 1-кестенің және 2-кестенің 1-жолдарында бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру коды (ISIN коды) – орталық депозитарий бағалы қағаздарға және басқа да қаржы құралдарына оларды сәйкестендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында беретін әріптік-цифрлық код көрсетіледі. Бағалы қағаздар мен эмитенттердің анықтамалықтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

11. 1-кестенің 2-жолында есеп беретін банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының ақпараттық жүйесінде транзакцияның бірегей сәйкестендіргіші ретінде қызмет ететін транзакция референсі (коды) көрсетіледі.

12. 1-кестенің 3-жолында Ұлттық Банк жүргізетін анықтамалыққа сәйкес операциялардың түрлері көрсетіледі.

13. 1-кестенің 4-жолында бұрын кепіл ретінде қабылданған және банктің меншігіне өткен бағалы қағаздар бойынша "1" мәні, өзге жағдайларда "0" деп мәні көрсетіледі.

Егер 1-кестенің 3-жолында "01" коды көрсетілсе және 1-кестенің 4-жолында "1" мәні көрсетілсе, онда транзакция күні ретінде 1-кестенің 5-жолында бағалы қағаздардың есептілікті ұсынатын екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалының меншігіне өту күні көрсетіледі.

14. 1-кестенің 6-жолында үтірден кейін екі белгімен ондық түрінде ұсынылатын бөлшек санды (жарғылық капиталдарға қатысу құралдары үшін) көрсетуге жол беріледі.

15. 1-кестенің 7-жолында облигациялар бойынша номиналды құны, акциялар бойынша сатып алу құны көрсетіледі. Құн көрсеткіші транзакция күніне теңгемен көрсетіледі (номиналы шетел валютасымен көрсетілген бағалы қағаздар үшін теңгедегі құнының баламасы "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 56 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 544 бірлескен қаулысы мен бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36983 болып тіркелген) көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп, көрсетіледі).

16. 1-кестенің 8-жолында және 2-кестенің 7 және 8-жолдарында "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген) сәйкес рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтинг көрсетіледі.

Бірнеше рейтингтік агенттіктің рейтингтері болған кезде берілген күні бойынша неғұрлым жаңартылған рейтинг көрсетіледі. Егер рейтингтер берілген күндер сәйкес келсе, ең төменгі рейтинг көрсетіледі. Бір бағалы қағазға, бір эмитентке рейтингтің бір жаңартылған мәнінен артық емес мәні сәйкес келеді.

Рейтингтердің мәндері 1-кестенің 8-жолында және 2-кестенің 7 және 8-жолдарында Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және жергілікті атқарушы органдар шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша көрсетілмейді.

17. 2-кестенің 2-жолында есепті күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздар есепке алынатын портфельдің түрі көрсетіледі.

18. 2-кестенің 4.2 және 4.3-жолдарында осы бағалы қағаз бойынша сома есепке алынатын Банктердің үлгі шот жоспарына сәйкес шоттардың нөмірлері және есепті күндегі оларға сәйкес құндық мәндер көрсетіледі.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін бағалы қағаздар бойынша Банктер шоттарының үлгі жоспарына сәйкес 3-жіктеу шоттарда көрсетілген күтілетін кредиттік зияндарға арналған резервтер (провизиялар) де көрсетіледі.

Егер құндық мән нөлге тең болса, 2-кестенің 4.1, 4.2 және 4.3-жолдары бойынша көрсеткіштер ұсынылмайды.

19. 2-кестенің 5.2 және 6.2-жолдарында халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес (амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша) қалыптастырылған резервтер (провизиялар), оң (теріс) түзетуді (әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша), дисконт (сыйлықақы), есептелген сыйақы құнын қоса алғанда, есепті күнге бағалы қағаздардың баланстық құны көрсетіледі. Бұл ретте басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша шығындарға арналған бағалау резерві қаржы активінің баланстық құнын төмендетпеуге тиіс.

2-кестенің 5.1 және 5.2-жолдарындағы көрсеткіштер 2-кестенің 6.1 және 6.2-жолдарында көрсетілген көрсеткіштердің мәндерін де қамтиды.

20. 2-кестенің 9-жолында "Қаржы құралдары" 9 Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (International Financial Reporting Standards - IFRS) сәйкес есепті күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздар жатқызылған кредиттік тәуекелдің сатысы көрсетіледі. 9-жолдағы көрсеткіш 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (International Financial Reporting Standards – IFRS) және екінші деңгейдегі банктің провизияларын (резервтерін) есептеудің ішкі әдістемесіне сәйкес құнсыздануға қатысты талаптар қолданылмайтын бағалы қағаздар бойынша толтырылмайды.

21. 2-кестенің 10-жолы бойынша тиісті деректер ұсынылатын күн көрсетіледі.

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының және  
"Қазақстанның Даму Банкі"  
акционерлік қоғамының  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
7-қосымша

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)  
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: INVEST-1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімдері: есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

желтоқсан айының қосымша есебі (есепті айда банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылады (есепті айда банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде)

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Мәміле референсі	
2	Заңды тұлға туралы мәліметтер:	
2.1	Атауы	
2.2	сәйкестендіргіш түрі	
2.3	Сәйкестендіргіш	
2.4	қатысу түрі	
2.5	резиденттік белгісі	
2.6	тіркелген елі	
2.7	заңды тұлғаның түрі	
3	Сатып алу күніне инвестициялар:	
3.1	сатып алу күні	
3.2	сатып алу құны	
3.3	заңды тұлға капиталындағы үлес салмағы, %	
4	Есепті күнге инвестициялар:	
4.1	құндық көрсеткіштің түрі	
4.2	шот нөмірі	

4.3	Сомасы	
4.4	акциялар саны (дана)	
4.5	заңды тұлға капиталындағы үлес салмағы, %	
5	Кредиттік тәуекел сатысы	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

\_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есеп"

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанға қосымша

**Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есеп (индексі – INVEST-1, кезеңділігі – ай сайын)**

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, оның ішінде бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары есепті айдың соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды.

Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі – теңге. Құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сандармен көрсетіледі.

3. Нысан мен осы түсіндірмедегі шоттардың нөмірлері "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) сәйкес көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

5. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде пайдаланылатын анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

6. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіштер толтырылуы міндетті болып табылады.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

7. Нысанда банктің, оның ішінде ислам банкінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалының, оның ішінде бейрезидент-ислам банкі филиалының еншілес және қауымдасқан ұйымдардың және заңды тұлғалардың капиталына инвестицияларының мөлшері туралы мәліметтер көрсетіледі.

8. 2.2, 2.4, 2.5, 2.6, 2.7, 4.1, 4.2 және 5-жолдарда мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйеде орналастырылған анықтамалықтардан таңдалады.

9. 1-жолда есеп беретін банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының ақпараттық жүйесінде осы мәміленің бірегей сәйкестендіргіші ретінде қызмет ететін транзакция референсі (коды) көрсетіледі.

10. 2.1-жолда есеп беретін банк жүргізетін контрагенттердің анықтамалығына сәйкес капиталына банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы қатысатын заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Заңды тұлғаларды сәйкестендіру үшін 2.2 және 2.3-жолдарда сәйкестендіргіштердің мынадай түрлері және олардың мәндері көрсетіледі:

Қазақстан Республикасының резиденттері бойынша – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері бойынша – Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның 9362 "Банктік іс. Банктік телекоммуникациялық хабарламалар. Банктердің сәйкестендіру кодтары" халықаралық стандартына сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының контрагентіне берілген банктік

сәйкестендіру коды, ол болмаған кезде – бизнес-сәйкестендіру нөмірі, банктердің сәйкестендіру кодтары мен бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған кезде – "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі үшін белгіленген алгоритм бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің есеп беретін филиалы қалыптастырған баламалы сәйкестендіру нөмірі.

2.5-жолда Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлға бойынша "1" мәні көрсетіледі, Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын заңды тұлға бойынша "2" мәні көрсетіледі.

2.6-жолда капиталына есеп беретін банк қатысатын заңды тұлғаның тіркелген (инкорпорация) елі "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар" ISO 3166-1 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

11. 3-жолда инвестицияларды сатып алу күніндегі жағдай бойынша мәліметтер көрсетіледі.

3.1-жолда эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілені бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркеу күні көрсетіледі. Өзге мәмілелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес меншік құқығы туындаған күн (сәт) көрсетіледі.

3.2-жолда сатып алу күніндегі сатып алу құны теңгемен көрсетіледі.

12. 3.3 және 4.5-жолдарда банкке, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалына тиесілі акциялар санының эмитенттің орналастырылған (артықшылықты және сатып алынған акцияларды шегергенде) акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе тиісінше сатып алу күніне және есепті күнге заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу пайызындағы үлесі көрсетіледі.

13. 4.2 және 4.3-жолдарда еншілес және қауымдасқан ұйымдардың және басқа да заңды тұлғалардың капиталына банктің, оның ішінде ислам банкінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, оның ішінде бейрезидент-ислам банкі филиалының инвестицияларының сомалары және есепті күнгі оларға сәйкес құндық мәндері ескерілетін Үлгі шот жоспарына сәйкес шоттардың нөмірлері көрсетіледі.

Егер құндық мән нөлге тең болса, 4.1, 4.2 және 4.3-жолдар бойынша көрсеткіштер ұсынылмайды.

14. 4.4-жолда акциялардың саны бірлікпен (данада) көрсетіледі. 4.4-жолда ондық түрінде ұсынылатын бөлшек санды (жарғылық капиталдарға қатысу құралдары үшін) үтірден кейін екі белгімен көрсетуге жол беріледі.

15. 5-жолда 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (International Financial Reporting Standards – IFRS) сәйкес есепті күндегі жағдай бойынша есеп беретін банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы инвестицияларды жатқызған кредиттік тәуекел сатысы көрсетіледі.

5-жолдағы көрсеткіш 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (International Financial Reporting Standards – IFRS) және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының провизияларын (резервтерін) есептеудің ішкі әдістемесіне сәйкес құнсыздануға қатысты талаптар қолданылмайтын инвестициялар бойынша толтырылмайды.

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының және  
"Қазақстанның Даму Банкі"  
акционерлік қоғамының  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
8-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Басқа да жіктелетін активтер мен ірі дебиторлар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: DEBTORS-1

Кезеңділігі: ай сайын, тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімдері:

1) екінші деңгейдегі банктер:

өзге жіктелетін активтер туралы мәліметтер бөлігінде – есепті айдан кейінгі айдың он бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

желтоқсан айының басқа да жіктелетін активтер туралы қосымша есебі (банкшілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып) (банкшілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылады

ірі дебиторлар туралы мәліметтер бөлігінде – есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

2) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары:

өзге жіктелетін активтер туралы мәліметтер бөлігінде – есепті айдан кейінгі айдың он бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

желтоқсан айының басқа да жіктелетін активтер туралы қосымша есебі (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылады (банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде);

ірі дебиторлар туралы мәліметтер – ұсынылмайды

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Басқа да жіктелетін активтер туралы мәліметтер

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	2	3
1	Референс	
2	Есепті кезеңнің соңындағы құны ( активтер тобы бойынша сома):	
2.1	құндық көрсеткіштің түрі	
2.2	шот нөмірі	
2.3	сомасы	
3	Кредиттік тәуекел сатысы	

2-кесте. Ірі дебиторлар туралы мәліметтер

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	Референс	3
2	Дебитор туралы мәліметтер:	
2.1	атауы	
2.2	сәйкестендіргіш түрі	
2.3	сәйкестендіргіш	
2.4	резиденттік белгісі	
2.5	контрагенттің тіркелген елі	
3	Дебиторлық берешектің түрі	
4	Валюталық белгі	
5	Шарт бойынша орындау мерзімі	
6	Есепті күнгі көрсеткіштер:	
6.1	құндық көрсеткіштің түрі	
6.2	шот нөмірі	
6.3	есепті кезеңнің соңындағы қалдық сомасы	
7	Кредиттік тәуекел сатысы	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

---

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Басқа да жіктелетін активтер мен ірі дебиторлар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Басқа да жіктелетін активтер  
мен ірі дебиторлар туралы есеп"  
әкімшілік деректерді өтеусіз  
негізде жинауға арналған  
нысанға қосымша

**Басқа да жіктелетін активтер мен ірі дебиторлар туралы есеп (индексі – DEBTORS-1, кезеңділігі – ай сайын)**

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Басқа да жіктелетін активтер мен ірі дебиторлар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды екінші деңгейдегі банктер ай сайын (өзге жіктелетін активтер туралы есеп көрсеткіштері), тоқсан сайын (ірі дебиторлар туралы есеп көрсеткіштері) бейрезидент-банктердің филиалдары есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды.

Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі – теңге. Құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сандармен көрсетіледі.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде пайдаланылатын анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

5. Нысан мен осы түсіндірмедегі шоттардың нөмірлері "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "

Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің Үлгі шот жоспарына (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) сәйкес көрсетіледі.

6. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіш міндетті түрде толтырылады.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

7. Нысанда ірі дебиторлар туралы мәліметтер және Қағидаларда көзделген есептердің басқа нысандарына енгізілмеген банк провизияларын (резервтерін) есептеудің ішкі әдістемесіне сәйкес 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (International Financial Reporting Standards - IFRS) сәйкес құнсыздану кезеңдері бойынша жіктелуге жататын өзге активтер туралы мәліметтер көрсетіледі.

8. 1-кестенің 2.1, 2.2 және 3-жолдарында мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйеде орналастырылған анықтамалықтардан таңдалады.

9. 1-кестенің 2.2 және 2.3-жолдарында өзге жіктелетін активтердің сомалары есепке алынатын Үлгі шот жоспарына сәйкес шоттардың нөмірлері және есепті күнгі оларға сәйкес келетін құндық мәндер көрсетіледі. Егер құндық мән нөлге тең болса, 1-кестенің 2.1, 2.2 және 2.3-жолдары бойынша көрсеткіштер ұсынылмайды.

10. 1-кестенің 3-жолында 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (International Financial Reporting Standards – IFRS) және банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банк филиалының провизияларын (резервтерін) есептеудің ішкі әдістемесіне сәйкес есепті күнгі жағдай бойынша өзге де жіктелетін активтер жатқызылған кредиттік тәуекелдің сатысы көрсетіледі.

11. 2-кестенің 2.2, 2.4, 2.5, 3, 6.1, 6.2 және 7-жолдарында мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардан таңдалады.

2.5-жолда контрагенттің тіркелген елі "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар." ISO 3166-1 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

12. 2-кестеде банктің мынадай талаптарға сәйкес келетін ірі дебиторлары туралы мәліметтер көрсетіледі:

есепті күнге дебиторлық берешек бойынша контрагент анықталған;

контрагент банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға болып табылмайды;

контрагентке қойылатын талаптар мынадай операциялардың біреуін немесе бірнешеуін жасау салдарынан туындаған:

қарыздар бойынша талап ету құқықтарын сату, сатып алу, қайта беру;

қарызды дебиторлық берешекке қайта жіктеу;

өндіріп алынған кепіл мүлкін сату;

Үлгі шот жоспарына сәйкес 1740, 1741 және 1400 топтарының шоттарында есепті күні көрсетілген сомаларды қоспағанда, екінші деңгейдегі банктің қарыз алушысымен өзге де операциялар;

екінші деңгейдегі банктің шығарылған және расталған кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша міндеттемелерді орындауы.

Жеке басы есепті күнге белгіленбеген үшінші тұлғалардың алаяқтық әрекеттері нәтижесінде туындаған дебиторлық берешек туралы мәліметтер (операцияның сипатына қарамастан) осы түсіндірменің 13-тармағында жазылған талаптарға сәйкес келген кезде Нысанда көрсетіледі. Бұл жағдайда дебитор ретінде банк не оның құрылымдық бөлімшесі көрсетіледі, 2-кестенің 3-жолы бойынша дебиторлық берешектің түрі ретінде "Өзгелері" мәні көрсетіледі.

13. 2-кестені толтыру кезінде екінші деңгейдегі банктер екінші деңгейдегі банкте талаптардың ең көп сомасы бар екінші деңгейдегі банктің 25 (жиырма бес) ірі дебиторларын ашады.

14. 2-кестенің 2-жолындағы анықтамалықтарды екінші деңгейдегі банктер жүргізеді, анықтамалықтардағы тиісті ақпаратты екінші деңгейдегі банктер қажеттілігіне қарай дербес жаңартады.

15. 2-кестенің 2.1-жолында екінші деңгейдегі банк жүргізетін анықтамалыққа сәйкес дебитордың атауы көрсетіледі.

Контрагенттерді сәйкестендіру үшін 2-кестенің 2.2 және 2.3-жолдарында сәйкестендіргіштердің мынадай түрлері және олардың мәндері көрсетіледі:

заңды тұлға үшін – Халықаралық стандарттау ұйымының 9362 "Банк ісі. Банктік телекоммуникациялық хабарламалар. Банктердің сәйкестендіру кодтары" стандарттау бойынша халықаралық стандартына сәйкес бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе банктің контрагентіне берілген банктік сәйкестендіру коды, ол болмаған кезде - "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі үшін белгіленген алгоритм бойынша есеп беретін банк қалыптастырған балама сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – балама сәйкестендіру нөмірі);

жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкер үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі, ол болмаған кезде – балама сәйкестендіру нөмірі.

16. 2-кестенің 2.4-жолында Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын дебитор бойынша "1" мәні көрсетіледі, Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын дебитор бойынша "2" мәні көрсетіледі.

17. 2-кестенің 4-жолында шетел валютамен көрсетілген дебиторлық берешек бойынша "1" мәні көрсетіледі, өзге жағдайларда "0" деп көрсетіледі.

18. 2-кестенің 6.2 және 6.3-жолдарында дебиторлық берешек сомасы және есепті күнгі оларға сәйкес келетін құндық мәндері ескерілетін Үлгі шот жоспарына сәйкес шоттардың нөмірлері көрсетіледі.

Егер құндық мән нөлге тең болса, 2-кестенің 6.1, 6.2 және 6.3-жолдары бойынша көрсеткіштер ұсынылмайды.

19. 2-кестенің 7-жолында 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (International Financial Reporting Standards – IFRS) сәйкес есепті күнгі жағдай бойынша дебиторлық берешек жатқызылған кредиттік тәуекелдің сатысы көрсетіледі.

2-кестенің 7-жолындағы көрсеткіш 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (International Financial Reporting Standards – IFRS) және банктің провизияларын (резервтерін) есептеудің ішкі әдістемесіне сәйкес құнсыздануға қатысты талаптар қолданылмайтын дебиторлық берешек бойынша толтырылмайды.

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының және  
"Қазақстанның Даму Банкі"  
акционерлік қоғамының  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
9-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Берілген қарыздар және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: LOANS-1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімдері: есепті айдан кейінгі айдың он бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

желтоқсан айындағы басқа да жіктелетін активтер туралы қосымша есеп (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып) (банкішілік операциялар бойынша айналымдар болған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынылады

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Референс	
2	Өңір	
3	Кредиттеу субъектісінің түрі	
4	Кәсіпкерлік субъектісінің санаты	
5	Резиденттік белгісі	
6	Біртектілік белгісі	
7	Валюталық белгі	
8	Ұзақ мерзімді қарыз белгісі	
9	Кредиттеу мақсаты	
10	Қамтамасыз етудің болу белгісі	
11	Күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар қарыз белгісі	
12	Есепті кезеңдегі көрсеткіштер:	
12.1	есепті кезеңде берілді	
12.2	орташа өлшемді сыйақы мөлшерлемесі, %	
13	Есепті кезеңнің соңындағы көрсеткіштер:	
13.1	құндық көрсеткіштің түрі	
13.2	шот нөмірі	
13.3	есепті кезеңнің аяғындағы қалдық сомасы	
14	Кредиттік тәуекел сатысы	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

\_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Берілген қарыздар және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері

туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын

толтыру

бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Берілген қарыздар және олар бойынша сыйақы өлшерлемелері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

**"Берілген қарыздар және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері туралы есеп" (индексі – LOANS-1, кезеңділігі – ай сайын)**

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Берілген қарыздар және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары есепті айдың соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды. Ислам банкі үшін есепке сауданы қаржыландыру мәмілелеріне жататын исламдық қаржы құралдары енгізіледі.

Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі – теңге. Құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сандармен көрсетіледі.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

5. Нысан мен осы түсіндірмедегі шоттардың нөмірлері "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) сәйкес көрсетіледі.

6. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіш міндетті түрде толтырылады.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

7. Нысанда есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы берген қарыздар туралы, есептi кезеңде осындай қарыздарды беру көлемдерi және есептi кезең iшiнде берiлген қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерi туралы мәлiметтер көрсетiледi. Ислам банкi үшiн, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкiнiң филиалы үшiн мәлiметтер сауданы қаржыландыру мәмiлелерiне жататын исламдық қаржы құралдары және оларға қолданылатын сауда үстеме бағалары бойынша ұсынылады.

Нысан бойынша ұсынылатын мәлiметтерге банктерге немесе банк шоттарын ашуды және жүргізудi жүзеге асыратын өзге де қаржы ұйымдарына берiлген қарыздар, осындай банктер немесе ұйымдар олар бойынша контрагент болатын керi репо операциялары кiрмейдi.

8. 2, 3, 4, 5, 9, 10, 13.1, 13.2 және 14 жолдарда мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң веб-порталы" ақпараттық жүйесiнде орналастырылған анықтамалықтардан таңдалады.

2-жолда өңiр облыс немесе республикалық маңызы бар қала деңгейiнде " Әкiмшiлiк-аумақтық объектiлердiң жiктеуiшi" (ӘАОЖ) ҚР ҰЖ 11-2025 Қазақстан Республикасының ұлттық жiктеуiшiне сәйкес көрсетiледi.

9. 5-жолда Қазақстан Республикасының резидентi болып табылатын кредиттеу субъектiсi бойынша "1" мәнi көрсетiледi, Қазақстан Республикасының бейрезидентi болып табылатын кредиттеу субъектiсi бойынша "2" мәнi көрсетiледi.

10. 6-жолда бiртектi қарыздар бойынша "1" мәнi көрсетiледi, өзге жағдайда "0" деп көрсетiледi.

11. 7-жолда шетел валютасымен берiлген қарыздар бойынша "1" мәнi көрсетiледi, өзге жағдайда "0" деп көрсетiледi.

12. 8-жолда 1 (бiр) жылдан астам мерзiмге берiлген қарыздар бойынша "1" мәнi көрсетiледi, 1 (бiр) жылға дейiнгi (қоса алғанда) мерзiмге берiлген қарыздар үшiн "0" деп көрсетiледi.

13. Төлем карталары бойынша берiлген және кредиттеудiң өзге мақсаттары бойынша сәйкестендiрiлмейтiн қарыздар 9-жолда тұтынушылық мақсаттарға берiлген қарыздарға жатады.

14. 10-жолда кепiл болған кезде анықтамалықтан берешектiң ең көп үлесi тиесiлi кепiл түрiне сәйкес келетiн мән таңдалады.

15. 11-жолда негiзгi борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтiзбелiк 90 (тоқсан) күннен астам мерзiмi өткен берешегi бар қарыздар бойынша "1" мәнi көрсетiледi, өзге жағдайда "0" деп көрсетiледi.

16. 12.1-жолда есептi ай iшiнде берiлген қарыздар сомасы көрсетiледi.

17. 12.2-жолда есепті кезеңде нақты ұсынылған қарыздар бойынша орташа өлшемді сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі, олар туралы ақпарат 12.1-жол бойынша ұсынылады. Есептеу үшін тиісті қарыз шарттарында көрсетілген номиналды сыйақы мөлшерлемесі пайдаланылады.

Орташа өлшемді сыйақы мөлшерлемесін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$R_{cp} = \frac{R_1 \times Q_1 + R_2 \times Q_2 + \dots + R_n \times Q_n}{Q_1 + Q_2 + \dots + Q_n}$$

мұнда:

$R_{cp}$  – орташа өлшемді сыйақы мөлшерлемесі

$R_n$  –  $n$  қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі;

$Q_n$  – есепті кезеңде берілген  $n$ -қарыздың көлемі

Ислам банктері үшін, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары үшін 12.2-жолда есепті кезеңде жүзеге асырылған сауданы қаржыландыру мәмілелері бойынша сауда үстеме бағасының орташа өлшемді көрсеткіші көрсетіледі.

18. 13.2 және 13.3-жолдарда банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы, оның iшiнде ислам банкi, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкiнiң филиалы берген (жүзеге асырған) қарыздардың (саудалық қаржыландырудың) сомасы және есептi күндегi оларға сәйкес құндық мәндерi ескерiлетiн Үлгi шот жоспарына сәйкес шоттардың нөмiрлерi көрсетiледi.

Егер құндық мән нөлге тең болса, 13.1, 13.2, 13.3 және 14-жолдар бойынша көрсеткіштер ұсынылмайды.

19. 14-жолда "Халықаралық қаржылық есептiлiк стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлiк есеп және қаржылық есептiлiк туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкi Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 269 қаулысына (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 16502 болып тiркелген) (бұдан әрi – Қағидалар) сәйкес есептi кезеңнiң соңындағы жағдай бойынша берiлген қарыздар жатқызылған кредиттiк тәуекелдiң сатысы көрсетiледi.

14-жолдағы көрсеткiш Қағидаларға сәйкес құнсыздануға қатысты талаптар қолданылмайтын берiлген қарыздар бойынша толтырылмайды.

"Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есеп" әкiмшiлiк деректердi өтеусiз

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)  
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: AFFIL-1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерiнiң филиалдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар тізілімі бөлігінде – есепті айда болған есептілікте көзделген деректер өзгерген немесе алынған кезде есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен мәмілелер туралы мәліметтер және банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен мәмілелер туралы есепке қосымша мәліметтер бөлігінде – есепті айдан кейінгі айдың он бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар тізілімі

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	Тұлғаны сәйкестендіргіш	
1.1	Сәйкестендіргіш түрі	
1.2	Сәйкестендіру нөмірі	
2	Тұлғаны қосымша сәйкестендіргіш:	
2.1	сәйкестендіргіш түрі	
2.2	сәйкестендіру нөмірі	
3	Атауы (заңды тұлға үшін), тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (жеке тұлға үшін)	

4	Жеке тұлғаның белгісі	
5	Тіркелген елі	
6	Тұлға банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаға жатқызылған белгі	
7	Тұлға банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар тізіліміне енгізілген күн	
8	Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар тізілімінен тұлға алып тасталған күн	

**2-кесте. Банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен мәмілелер туралы мәліметтер**

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	Тұлғаны сәйкестендіргіш	
1.1	Сәйкестендіргіш түрі	
1.2	Сәйкестендіру нөмірі	
2	Шарт талаптары бойынша мәміле туралы мәліметтер:	
2.1	мәміленің референсі (коды)	
2.2	шарттың нөмірі	
2.3	шарт жасалған (мәміле талаптарын орындауды бастаған) күн	
2.4	шарттың қолданылуы (мәміле талаптарының орындалуы) аяқталған күн	
2.5	операция түрі	
2.6	мәміле мақсаты	
2.7	валюта коды	
2.8	мәміле сомасы	
2.9	сыйақы мөлшерлемесі	
3	Уәкілетті орган (тұлға) шешімінің деректемелері:	
3.1	Нөмірі	
3.2	Күні	
4	Үлгі шарттарға сәйкес мәміле жасау белгісі	
5	Есепті күндегі мәміле құнының көрсеткіштері:	
5.1	құндық көрсеткіштің түрі	
5.2	шот нөмірі	
5.3	Сомасы	
6	Ескертпе	

3-кесте. Банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы қосымша мәліметтер

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Көрсеткіштің түрі	
2	Сомасы	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

\_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

**"Банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есеп" (индексі – AFFIL-1, кезеңділігі – ай сайын)**

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған

мәмілелер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары ай сайын есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасайды.

Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі – теңге. Құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сандармен көрсетіледі.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

5. Нысан мен осы түсіндірмедегі шоттардың нөмірлері "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына (бұдан әрі – Үлгі шот жоспарына) сәйкес көрсетіледі.

6. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіш міндетті түрде толтырылады.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

### **7. Нысанда:**

1-кестеде – банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар тізілімінің көрсеткіштері бойынша мәндер;

2-кестеде – банктің осындай тұлғалармен есепті ай ішінде жасалған және (немесе) есепті күні қолданыста болған барлық мәмілелері туралы мәліметтерді қоса алғанда, банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен мәмілелер туралы есептің көрсеткіштері бойынша мәндер;

3-кестеде – банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалатын мәмілелер туралы есепке қосымша мәліметтер көрсетіледі.

8. 1-кестенің 1.1, 5 және 6-жолдарында, 2-кестенің 1.1, 2.5, 2.6, 2.7, 5.1 және 5.2-жолдарында, 3-кестенің 1-жолында мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйеде орналастырылған анықтамалықтардан таңдалады.

1-кестенің 5-жолында тіркелу елі "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар" ISO 3166-1 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

9. Тұлғаның екінші деңгейдегі банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысуының белгiсi "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабында айқындалады.

10. 1-кестеде есептi күнгi жағдай бойынша банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты және есептi кезең iшiнде банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты болған барлық тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Екінші деңгейдегі банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларды сәйкестендіру үшін 1 және 2-кестелердің 1.1 және 1.2-жолдарында сәйкестендіргіштердің мынадай түрлері және олардың мәндері көрсетіледі:

заңды тұлға үшін – бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе 9362 "Банк ісі. Банктік телекоммуникациялық хабарлар. Банктердің сәйкестендіру кодтары" стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның халықаралық стандартына сәйкес банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының контрагентіне берілген бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе банктік сәйкестендіру коды, олар болмаған кезде – "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі үшін белгіленген алгоритм бойынша есеп беретін банк қалыптастырған балама сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – балама сәйкестендіру нөмірі);

жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкер үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі, ол болмаған кезде – балама сәйкестендіру нөмірі.

Екінші деңгейдегі банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларда бірнеше сәйкестендіргіштер болған кезде қосымша сәйкестендіргіш 1-кестенің 2-жолында көрсетіледі.

1-кестенің 3-жолында екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы жүргізетін банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың анықтамалығына сәйкес атауы (заңды тұлға үшін), тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (жеке тұлға үшін) көрсетіледі.

11. 1-кестенің 4-жолында жеке тұлға (оның ішінде дара кәсіпкер) болып табылатын банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға бойынша "1" мәні көрсетiледi, өзге жағдайларда "0" деп көрсетiледi.

12. 1-кестенің 6-жолында бiр мезгiлде бiрнеше өзектi мәндердi көрсетуге жол берiледi. Егер тұлғаның банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысуының бiрнеше белгiлерi болса, 1-кестенің 6-жолында барлық белгiлер көрсетiледi.

13. 1-кестенің 7-жолында банктiң, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкiнiң филиалына тұлғаның банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланыстық белгiсiнiң (белгiлерiнiң) бар екендiгi туралы белгiлi болған күнi көрсетiледi.

Кейiнгi есептi кезеңдерде 1-кестенің 7 және 8-жолдары банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың тiзiлiмiне тұлғаларды енгiзу немесе алып тастау фактiсi бойынша толтырылады.

14. 2-кестеде "Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерi филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерi филиалдарының) резерв ретiнде қабылданатын активтерiн қалыптастыру тәртiбiн, олардың ең төмен мөлшерiн қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерiнiң филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерiнiң филиалдары) үшiн пруденциялық нормативтердi және сақталуы мiндеттi өзге де нормалар мен лимиттердi, олардың нормативтiк мәндерiн және есептеу әдiстемесiн, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының резерв ретiнде қабылданатын активтерiнiң есебiнен сатып алуға рұқсат етiлген қаржы құралдарының тiзбесiн және оларды сатып алу (өткiзу) тәртiбiн белгiлеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттiгi Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысында (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 22213 болып тiркелген) белгiленген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерi филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерi филиалдарының) резерв ретiнде қабылданатын активтерiн қалыптастыру тәртiбiн, олардың ең төмен мөлшерiн қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерiнiң филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерiнiң филиалдары) үшiн пруденциялық нормативтердi және сақталуы мiндеттi өзге де нормалар мен лимиттердiң нормативтiк мәндерiне сәйкес есептелетiн банктiң онымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен жасалатын операцияларының әрбiр түрi бойынша сомасы екiншi деңгейдегi банктiң реттеушiлiк меншiктi капиталының мөлшерiнен жиынтығында 0,01 (нөл бүтiн жүзден бiр) пайыз асатын немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi

филиалының резерві ретінде қабылданатын активтер мөлшерінен жиынтығында 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз асатын банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған барлық мәмілелері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер банктің меншікті капиталының теріс мәні болса, 2-кестеде банктің онымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған операцияларының әрбір түрі бойынша сомасы банк активтері мөлшерінен жиынтығында 0,001 (нөл бүтін мыңнан бір) пайыз асатын банктің онымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған барлық мәмілелері туралы мәліметтер көрсетіледі.

2-кестеде банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының Директорлар кеңесiнiң шешiмi бойынша жасалған шарт шеңберінде банктік шот бойынша екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы жүргізетін шетел валютасын (қолма-қол және қолма-қол ақшасыз) конвертациялау бойынша операциялар, сондай-ақ банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты бір тұлғаның меншікті шоттары арасындағы аударым операциялары жөнiндегi мәліметтер көрсетiлмейдi.

15. 2-кестенің 2.1-жолында банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының ақпараттық жүйесінде осы мәміленің бірегей сәйкестендіргіші болып табылатын мәміленің референсі (коды) көрсетіледі.

16. 2-кестенің "банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға төленген дивидендтер" және "банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың банкке төлеген дивидендтері" 3.5-жолындағы операция түрін таңдаған кезде 2-кестенің 2.3-жолында тиісінше дивидендтерді төлеу күні мен алу күні көрсетіледі.

2-кестенің 2.8-жолында төленген дивидендтердің сомасы, ал 2-кестенің 5.3-жолында "есептелген кіріс, шығыс" құндық көрсеткішінің түрі бойынша есептелген дивидендтердің сомасы көрсетіледі.

17. Шарттың қолданысы ұзартылса, 2-кестенің 2.4-жолында шарттың қолданылуы ұзартылған тиісті күн көрсетіледі, 2-кестенің 5.3-жолында "негізгі борыш" құндық көрсеткішінің түрі бойынша – ұзартылған мәміле шартының қолданысы кезеңіндегі есепті күнге баланстық қалдық сомасы көрсетіледі.

18. 2-кестенің 2.6-жолында банк жүргізетін анықтамалыққа сәйкес мәміленің мақсаты көрсетіледі.

19. 2-кестенің 2.7-жолында валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

20. 2-кестенің 2.8-жолында шартта көрсетілген мәміле сомасы көрсетіледі.

Шетел валютасындағы шарт бойынша мәміле сомасы шартты жасасу күніне " Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 56 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 544 бірлескен қаулысы мен бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36983 болып тіркелген) көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп, көрсетіледі.

21. 2.9-жолда шарт талаптарына сәйкес мәміле бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық пайызбен көрсетіледі.

22. 2-кестенің 3.1 және 3.2-жолдарында уәкілетті органның (тұлғаның) банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының онымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен мәміле жасасуы туралы шешімінің деректемелері көрсетіледі.

Егер 2-кестенің 4-жолындағы көрсеткіш бойынша "1" мәні көрсетілсе, 2-кестенің 3.1 және 3.2-жолдарындағы көрсеткіштер толтырылмайды.

Егер мәміле жасау кезінде тұлғада банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысу белгісі болмаса, 2-кестенің 3.1 және 3.2-жолдарындағы мәндер ұсынылмайды.

23. 2-кестенің 4-жолында банктің Директорлар кеңесі бекіткен және банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты болып табылмайтын үшінші тұлғалармен ұқсас мәмілелерге қолданылатын осындай мәмілелердің үлгі шарттарына сәйкес банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен мәміле жасау кезінде "1" көрсетіледі, өзге жағдайда "0" деп көрсетіледі.

24. 5.2 және 5.3-жолдарда банктің ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен мәмілелерінің сомасы және есепті күнгі оларға сәйкес құндық мәндері ескерілетін Үлгі шот жоспарына сәйкес шоттардың нөмірлері көрсетіледі.

Егер құндық мән нөлге тең болса, 5.1, 5.2 және 5.3-жолдар бойынша көрсеткіштер ұсынылмайды.

25. 2-кестесінің "кіріс, шығыс" 5.1-жолында құндық көрсеткішінің түрін таңдау кезінде 5.3-жолда Үлгі шот жоспарына сәйкес 4 және 5-жіктеудің тиісті баланстық шоттарында көрсетілген есепті күнге мәміле бойынша пайыздық кірістің, шығыстың сомасы көрсетіледі.

26. 3-кестеде субъектілер мен мәмілелер бөлінісінде ашылмай, жалпы сомада екінші деңгейдегі банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы мәліметтер көрсетіледі.

3-кестенің 1-жолы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалыққа сәйкес:

екінші деңгейдегі банктің онымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен жасалатын операцияларының әрбір түрі бойынша жиынтығында екінші деңгейдегі банктің есептік күндегі жағдай бойынша Нормативтік мәндерге сәйкес есептелетін меншікті капиталының мөлшерінен 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз аспайтын екінші деңгейдегі банктің онымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен жасалатын мәмілелерінің жалпы сомасы;

есепті күндегі жағдай бойынша екінші деңгейдегі банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға болып табылатын сақтандыру ұйымынан сақтандырылған екінші деңгейдегі банк клиенттері қарыздарының жалпы сомасы толтырылады.

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының және  
"Қазақстанның Даму Банкі"  
акционерлік қоғамының  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
11-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Резидент-клиенттердің шоттары мен салымдары бойынша есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: RESDEP -1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

есепті айдан кейінгі айдың сегізінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

желтоқсан айына арналған қосымша есеп (банк ішіндегі операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып) – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Референс	

2	Банктің салымшылары және өңірі туралы мәліметтер:	
2.1	контрагент санаты	
2.2	Өңір	
3	Есепті кезеңнің соңындағы мәліметтер:	
3.1	шоттың (салымның) түрі	
3.2	номинация валютасының белгісі	
3.3	салым мерзімі	
3.4	орташа өлшемді жылдық сыйақы мөлшерлемесі, %	
3.5	есепті кезеңдегі түсімдер	
3.6	есепті кезеңнің шығуы	
3.7	шоттардағы (салымдардағы) ақша қалдығы	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Резидент-клиенттердің шоттары мен салымдары бойынша есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Резидент-клиенттердің шоттары мен салымдары бойынша есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

**"Резидент-клиенттердің шоттары мен салымдары бойынша есеп" (индексі – 1-RESDEP, кезеңділігі – ай сайын)**

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

Осы түсіндірмеде "Резидент-клиенттердің шоттары мен салымдары бойынша есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындалады.

2. Нысанды екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары есепті айдың соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды.

Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі – теңге. Құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сандармен көрсетіледі.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

5. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіш міндетті түрде толтырылады.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. 2.1, 2.2, 3.1, 3.2 және 3.3-жолдарда мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардан тандап алынады.

7. Нысанды толтыру кезінде екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы "Экономика секторларының кодтарын қолдану және төлемдерді тағайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) бекітілген Экономика секторларының кодтарын қолдану және төлемдерді тағайындау қағидаларына сәйкес "6", "7", "8" немесе "9" экономика секторлары тобының кодтарына жатқызылған Қазақстан Республикасының резидент-клиенттерінің шоттары мен салымдары туралы мәліметтерді ашады, ол Экономика секторларының ұлттық жіктеуішімен (ЭСЖ) келісімді болады.

8. 2.1-жолда егер контрагент (салымшы) заңды тұлға болса, "2" коды, егер жеке тұлға (дара кәсіпкерлерді қоса алғанда) контрагент (салымшы) болып табылса, "1" коды көрсетіледі.

9. 2.2-жолда шотқа қызмет көрсететін екінші деңгейдегі банк филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының өңірі облыс немесе республикалық маңызы бар қала деңгейінде "Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші" (ӘАОЖ) ҚР ҰЖ 11-2025 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

10. Шоттың 3.3-жолында салымдар клиенттермен банктік салым шарттары негізінде мерзімдер бойынша бөлінеді.

Шарттың мерзімі өткен, бірақ салымды клиент талап етпейтін мерзімді және жинақ салымдары үшін 3.3-жолда "6" салым мерзімінің коды көрсетіледі, бұл ретте:

1) клиент әрекетсіз салық төлеуші болып табылса немесе салықтар мен әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі болса, Клиенттің шотында Қазақстан Республикасының салық органдары қойған шектеулер (инкассалық өкімдер, шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы қаулылар) болады;

2) клиенттің шотына үшінші тұлғалардың банктік шоттан ақша алу және (немесе) банктік шоттағы ақшаға тыйым салу туралы талаптары қойылған;

3) банк осы салымды "талап етуге дейінгі салым" шарттарымен ұзартады.

Шартты салымдар бойынша 3.3-жолда "06" салым мерзімінің коды көрсетіледі.

11. 3.4-жолда есепті кезеңдегі шоттарға, резидент-клиенттердің салымдарына нақты тартылған ақша сомасы бойынша орташа өлшенген сыйақы мөлшерлемелері көрсетіледі. Есептеу үшін тиісті шарттарда көрсетілген номиналды сыйақы мөлшерлемесі пайдаланылады.

12. 3.5 және 3.6-жолдарда толықтыру, ішінара алу және өтеу операциялары бойынша шот, есепті кезеңдегі салым бойынша түсу және шығу сомасы көрсетіледі.

13. 3.7-жолда есептелген сыйақыны есепке алмағанда, есепті кезеңнің соңындағы шоттар, салымдар бойынша банк міндеттемелерінің сомасы көрсетіледі.

2.3	Толықтыру құқығынсыз мерзімділік талаптарына сәйкес келетін салымдар, оның ішінде:			
2.3.1	қоса алғанда 1 (бір) айға дейін			

2.3.2	1 (бір) айдан аса қоса алғанда 3 (үш) айға дейін			
2.3.3	3 (үш) айдан аса қоса алғанда 6 (алты) айға дейін			
2.3.4	6 (алты) айдан аса қоса алғанда 12 (он екі) айға дейін			
2.3.5	12 (он екі) айдан аса қоса алғанда 24 (жиырма төрт) айға дейін			
2.3.6	24 (жиырма төрт) айдан астам			
2.4	Толықтыру құқығымен жинақ салымдары, оның ішінде:			
2.4.1	қоса алғанда 1 (бір) айға дейін			
2.4.2	1 (бір) айдан аса қоса алғанда 3 (үш) айға дейін			
2.4.3	3 (үш) айдан аса қоса алғанда 6 (алты) айға дейін			
2.4.4	6 (алты) айдан аса қоса алғанда 12 (он екі) айға дейін			
2.4.5	12 (он екі) айдан аса қоса алғанда 24 (жиырма төрт) айға дейін			
2.4.6	24 (жиырма төрт) айдан астам			
2.5	Толықтыру құқығынсыз жинақ салымдары, оның ішінде:			
2.5.1	қоса алғанда 1 (бір) айға дейін			
2.5.2	1 (бір) айдан аса қоса алғанда 3 (үш) айға дейін			
2.5.3	3 (үш) айдан аса қоса алғанда 6 (алты) айға дейін			

2.5.4	6 (алты) айдан аса қоса алғанда 12 (он екі) айға дейін			
2.5.5	12 (он екі) айдан аса қоса алғанда 24 ( жиырма төрт) айға дейін			
2.5.6	24 (жиырма төрт) айдан астам			
2.6	Ағымдағы шоттар			
2.7	Талап етуге дейінгі салымдар			
3	Тұрғын үй құрылыс жинақтары, мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шенберінде ашылған ұлттық валютадағы салымдар			

**кестенің жалғасы:**

Есепті айда мерзімі ұзартылған депозиттер					
Сыйақы мөлшерлемесі өзгертілген мерзімі ұзартылған депозиттер			Сыйақы мөлшерлемесі өзгеріссіз қалған мерзімі ұзартылған депозиттер		
Көлемі (теңгемен)	(Ең жоғары мөлшерлеме	Орташа өлшемді мөлшерлеме	Көлемі (теңгемен)	(Ең жоғары мөлшерлеме	Орташа өлшемді мөлшерлеме
6	7	8	9	10	11

**кестенің жалғасы:**

Мерзімі ұзартылған депозиттерді қоспағанда, сыйақы мөлшерлемесі есепті айда өзгертілген депозиттер		
Көлемі (теңгемен)	Ең жоғары мөлшерлеме	Орташа өлшемді мөлшерлеме
12	13	14

6-кесте. Жеке тұлғалардың өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар тартылған салымдары (ұлттық валютада өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар салымдар) бойынша есепті айдағы сыйақы мөлшерлемелері мен тарту көлемі бойынша мәліметтер

№	Бенчмарк	Бенчмарктың мәні	Жаңадан тартылған салымдар көлемі , теңгемен	Спрэд, пайыздық тармақ	Ең жоғары мөлшерлеме
1	2	3	4	5	6
1	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі				
2	Инфляция деңгейі				

3	ТОНИА мөлшерлемесі (TONIA) – Теңге ОверНайт Индекс Авередж (Tenge OverNight Index Average)				
4	ТВИНА мөлшерлемесі (TWINA) – Теңге Вик Индекс Авередж (Tenge Week Index Average)				

7-кесте. Жеке тұлғалардың депозиттерін тарту үшін агенттік желінің болуы немесе болмауы туралы мәліметтер

№	Жеке тұлғалардың депозиттерін тартуға арналған агенттік желі	Мәні
1	2	3
1	Болуы (иә немесе жоқ)	
2	Ұлттық пошта операторы арқылы жеке тұлғалардың депозиттерін тарту (иә немесе жоқ)	
3	Ұлттық пошта операторын қоспағанда, өзге делдалдардың қызметі арқылы жеке тұлғалардың депозиттерін тарту (иә немесе жоқ)	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ "

Ескертпе: нысан "Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі және сыйақы мөлшерлемелері

бойынша есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Жеке тұлғалар депозиттерінің  
көлемі және сыйақы  
мөлшерлемелері бойынша есеп"

**Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі және сыйақы мөлшерлемелері бойынша есеп (индексі – INDDEP-1, кезеңділігі – ай сайын)**

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі және сыйақы мөлшерлемелері бойынша есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушылары болып табылатын екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары есепті айдың жиырмасыншы күнінің соңындағы жағдай бойынша жасалатын 8-кесте бойынша нысанды қоспағанда, есепті айдың соңындағы жағдай бойынша ай сайын толтырады, егер жиырмасыншы күн жұмыс істемейтін күнге келсе, онда 8-кесте бойынша нысан алдыңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша жасалады.

Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі – теңге. Күн көрсеткіштері үтірден кейін екі таңбалы санмен көрсетіледі.

3. Салымдар клиенттермен жасалған банктік салым шарттары негізінде мерзімі бойынша бөлінеді. Салымдар мерзімі бойынша мынадай болып жіктеледі:

- 1 (бір) айға дейін қоса алғанда;
- 1 (бір) айдан 3 (үш) айға дейін қоса алғанда;
- 3 (үш) айдан 6 (алты) айға дейін қоса алғанда;
- 6 (алты) айдан 12 (он екі) айға дейін қоса алғанда;
- 12 (он екі) айдан 24 (жиырма төрт) айға дейін қоса алғанда;
- 24 (жиырма төрт) айдан астам;

белгіленген мерзімі жоқ (талап етілгенге дейінгі салымдар, шартты салымдар).

Ағымдағы шоттар мерзімі бойынша белгіленген мерзімі жоқ депозит ретінде жіктеледі.

Мерзімі күнмен есептелетін салымдар күнтізбелік 30 (отыз) күнге тең айлық мәнге келтіріледі (жылына күнтізбелік күндер саны 360 (үш жүз алпыс) күнге сәйкес келеді).

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. Екінші деңгейдегі банктер 1-кестені және Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары 1.1-кестені толтыру кезінде жеке тұлғалардың депозиттері, оның ішінде нөл қалдығы бар депозиттері туралы мәліметтерді жария етеді.

6. Шетел валютасындағы депозиттер бойынша сома есепті күніне "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 56 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 544 бірлескен қаулысы мен бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36983 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 56 және № 544 бірлескен қаулы мен бұйрық) көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі.

7. Депозиттерді сомасына қарай топтарға бөлу кезінде есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша деректер пайдаланылады.

8. 1-кестенің және 1.1-кестенің 3 және 11-бағандары бойынша жеке тұлғалар теңгемен және (немесе) шетел валютасымен ашқан депозиттердің жиынтық сомасы мен шоттардың саны көрсетіледі.

9. 1-кестенің және 1.1-кестенің 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 18-бағандарында жеке тұлғалар теңгемен және (немесе) шетел валютасымен ашқан депозиттердің жиынтық сомасы мен шоттардың саны мерзімі (мерзімнің болмауы) бойынша көрсетіледі.

10. 1-кестенің және 1.1-кестенің 10 және 18-бағандарында ағымдағы шоттар, талап етілгенге дейінгі салымдар және шартты салымдардан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында шектеулердің болуын ескере отырып, шарттың мерзімі өткен, бірақ салымды клиент талап етпеген салымдар көрсетіледі, бұл ретте:

1) клиент әрекет етпейтін салық төлеуші болып табылады немесе салықтар мен әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі бар, клиенттің шотында Қазақстан Республикасының салық органдары қойған шектеулер (шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы қаулылар, инкассолық өкімдер) бар;

2) клиенттің шотына үшінші тұлғалардың банктік шоттан ақшаны алу және (немесе) банктік шоттағы ақшаға тыйым салу туралы талаптары қойылған;

3) банк осы салымның мерзімін "талап етілгенге дейінгі салым" талаптарымен ұзартады.

11. 1-кестенің және 1.1-кестенің 3-жолында тұрғын үй құрылыс жинақтары, мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде ашылған ұлттық валютадағы салымдар көрсетіледі.

12. 1-кестенің және 1.1-кестенің 4-жолында сыйақысы өзгермелі пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелетін салымдар туралы мәліметтер көрсетіледі.

13. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың депозиттері бойынша жолдардағы деректер 1-кестенің тиісті 1.1.1.1, 1.1.1.2, 1.1.2.1, 1.1.2.2., 1.1.3.1, 1.1.3.2, 1.1.4, 1.1.5, 2.1.1, 2.1.2, 2.2.1, 2.2.2, 2.3.1, 2.3.2, 2.4, 2.5, 3, 4.1 және 4.2-жолдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың салымдары (депозиттері) бойынша жолдардағы көрсеткіштер 1.1-кестенің тиісті 1.1.1.1, 1.1.1.2, 1.1.2.1, 1.1.2.2., 1.1.3.1, 1.1.3.2, 1.1.4, 1.1.5, 2.1.1, 2.1.2, 2.2, 2.3, 2.4, 2.5, 3, 4.1 және 4.2-жолдарына енгізілді.

Тұлғаның банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты болу белгісі "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабында айқындалады.

14. 2-кестеде жеке тұлғалардың есепті айдағы депозиттері бойынша айналымдар көрсетіледі.

15. Егер есепті ай ішінде шетел валютасындағы депозиттер бойынша есепте көзделген ашу, мерзімін ұзарту, толықтыру, ішінара алу операциялары жүргізілген болса, сома шетел валютасымен операциялар жүргізу күніне № 56 және № 544 бірлескен қаулы мен бұйрықта көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі.

16. 2-кестенің 3 және 4-бағандарында депозиттердің сомасы және есепті айда жеке тұлғалар ашқан шоттардың саны мерзімі бойынша бөліністе көрсетіледі. 2-кестенің 4-бағанында депозит ашылған сәтте оның сомасын одан әрі толықтыру сомасын есепке алмай көрсету қажет, оның ішінде бұл ашылған кезде ақшалай қаражат енгізілмеген депозиттерге де қатысты.

Жаңа банктік шот ашуға әкеп соққан тұрғын үй құрылысы жинақтары шеңберінде ашылған салымдарды беру және бөлу жөніндегі операциялар 2-кестенің 3 және 4-бағандарында көрсетіледі.

17. 2-кестенің 5 және 6-бағандарында шоттардың саны және есепті айда мерзімі ұзартылған депозиттердің сомасы көрсетіледі. 2-кестенің 6-бағанында депозитті одан әрі толықтыру сомасын есепке алмай, мерзімін ұзарту сәтіндегі депозит сомасын көрсету қажет.

18. 2-кестенің 7 және 8-бағандарында есепті айда клиенттер және (немесе) үшінші тұлғалар толықтырған шоттардың саны және депозиттердің сомасы (капиталдандыруды қоспағанда), оның ішінде банктік салым шартына сәйкес есепті айда енгізілген салым бойынша кейінге қалдырылған бастапқы жарна сомасы көрсетіледі.

Жинақ салымдары мен мерзімділік шарттарына сәйкес келетін толықтыру құқығы жоқ салымдар бойынша 2-кестенің 7 және 8-бағандары салым бойынша бастапқы

жарна кейінге қалдырылған жағдайда ғана толтырылады. Бұл ретте 2-кестенің 7 және 8-бағандарында екінші деңгейдегі банк клиентінің шоттарына бұрын берешекті өтеу мақсатында акцептсіз тәртіппен есептен шығарылған ақшаны қайтару көрсетілмейді.

Банктік шоттың жабылуына әкеп соққан тұрғын үй құрылысы жинақтары шеңберінде ашылған салымдарды біріктіру бойынша операциялар 2-кестенің 7 және 8-бағандарында көрсетіледі.

19. 2-кестенің 9 және 10-бағандарында есепті айда мемлекеттік кірістер органдары мен сот орындаушыларының инкассолық өкімдеріне сәйкес ақша ішінара алынған, оның ішінде банк клиентінің, оның сенімді тұлғасының тапсырмасы бойынша, жасалған шарттар негізінде үшінші тұлғалардың талабы бойынша ішінара ақша алынған шоттардың саны және депозиттердің сомасы көрсетіледі.

20. 2-кестенің 11 және 12-бағандарында есепті айда шарт мерзімінің аяқталуына байланысты жабылған шоттардың саны мен депозиттердің сомасы, оның ішінде ағымдағы шоттар да көрсетіледі.

21. 2-кестенің 13 және 14-бағандарында есепті айда мерзімінен бұрын жабылған шоттардың саны және депозиттердің сомасы көрсетіледі.

Банктік шоттың жабылуына әкеп соққан тұрғын үй құрылысы жинақтары шеңберінде ашылған салымдарды беру, біріктіру және бөлу жөніндегі операциялар 2-кестенің 13 және 14-бағандарында көрсетіледі.

22. 3-кестенің 1-жолында екінші деңгейдегі банктің депозиторларға қарсы талаптарын ескермей, "Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) төлеуі тиіс екінші деңгейдегі банктің және Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының жеке тұлғаларының барлық депозиттері бойынша өтемнің жалпы сомасы көрсетіледі.

23. 3-кестенің 2-жолында екінші деңгейдегі банктің депозиторларға қарсы талаптарының жалпы сомасын ескере отырып (шегере отырып), банктің және Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының жеке тұлғаларының барлық депозиттері бойынша Қор төлеуі тиіс өтемнің жалпы сомасы көрсетіледі.

24. 3-кестенің 3-жолында банктің және Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының депозитор-клиенттері болып табылатын жеке тұлғалардың қорытынды саны көрсетіледі.

25. 3-кестенің 3.1-жолында барлық шоттар бойынша нөлдік қалдығы бар клиенттер саны көрсетіледі. Егер банктің және Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының клиентінде банкте бірнеше шот және олардың біреуі нөлдік қалдықпен болса, онда көрсетілген жолды толтыру кезінде тек жеке шоттар бойынша нөлдік қалдығы бар клиенттер есепке алынбайды.

26. 3-кестенің 4-жолында жеке тұлғалардың нөлдік қалдықтары бар шоттарының жиынтық саны көрсетіледі.

27. 4-кестеде банктің тиісті филиалдарына (банк филиалдарының орналасуына қатысты) сәйкес аймақтар бойынша бөліністе жеке тұлғалардың депозиттері бойынша шоттардың сомасы мен саны теңгемен және шетел валютасымен көрсетіледі. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар "Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші" (ӘАОЖ) ҚР ҰЖ 11-2025 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес толтырылады. Филиалдарда депозиттер болмаған кезде есептің тиісті ұяшықтары толтырылмайды.

28. 5-кесте есепті айдың бірінші күнінен бастап соңғы күніне дейінгі (қоса алғанда) кезеңде екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері және ағымдағы шоттар бойынша толтырылады.

Жаңадан тартылған депозит – депозит:

қатысушы банк есепті ай ішінде банктік шот және (немесе) банктік салым шарты бойынша қабылдаған;

есепті ай ішінде мерзімі ұзартылған банктік салым шарты бойынша;

есепті ай ішінде өзгертілген сыйақы мөлшерлемесі.

29. Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған мультивалюталық депозиттері бойынша екінші деңгейдегі банк мәліметтерде валюталардың әрбір түрі бойынша сыйақының ең жоғары мөлшерлемелерін көрсетеді.

30. 5-кесте басқа бағандардағы соманы қайталамай есепті кезең үшін депозит тарту жөніндегі операциялар қорытындысының кезектілігі тәртібімен толтырылады. Депозит бойынша операцияның түпнұсқалығын негізге ала отырып, оны 5-кестенің тиісті бағандарына жатқызу тәртібі айқындалады.

31. 5-кестенің 3, 4 және 5-бағандарында белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар депозиттің әрбір санаты бойынша есепті ай үшін жаңадан ашылған шоттарда қабылданған екінші деңгейдегі банк және Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының депозиттері сыйақысының тиісінше көлемі, ең жоғары жылдық тиімді және орташа өлшемді жылдық тиімді мөлшерлемесі көрсетіледі. Депозиттер көлемін есептеу кезінде депозит ашылған сәттегі оның сомасы және ол бойынша есепті айдағы барлық әкеліну ескеріледі. Бұл ретте, егер депозит ақшалай қаражатты енгізбей ашылса және есепті ай ішінде толықтырылмаса, онда 5-кестенің 3-бағанында көлемі көрсетілмейді, бірақ бұл ретте жаңадан ашылған депозит бойынша ең жоғары мөлшерлемені көрсете отырып 5-кестенің 4-бағанын толтыру қажет.

5-кестеде әкелінуде клиенттер және (немесе) үшінші тұлғалар есепті айда (капиталдандыруды қоспағанда) толықтырған барлық депозит бойынша, оның ішінде банктік салым шартына сәйкес есепті айда енгізілген салым бойынша кейінге қалдырылған бастапқы жарна сомасы көрсетілуі қажет.

Егер жаңадан ашылған шотта қабылданған депозит бойынша сыйақы мөлшерлемесі есепті ай ішінде өзгертілген болса, онда 5-кестенің 4-бағанында оның өзгеруін ескере

отырып, есепті ай ішінде болған барлық мөлшерлемелердің ішіндегі ең үлкен ең жоғары сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі. Бұл ретте, есепті айда сыйақы мөлшерлемесі өзгертілген, есепті айда жаңадан тартылған депозиттер 5-кестенің 12, 13 және 14-бағандарында қайталанбайды.

32. Жаңадан тартылған шетел валютасындағы депозиттер шетел валютасындағы депозитті тарту күніне № 56 және № 544 бірлескен қаулы мен бұйрықта көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі.

33. 5-кестенің 6, 7 және 8-бағандарында белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар депозиттің әрбір санаты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруімен есепті айда мерзімі ұзартылған екінші деңгейдегі банктің және Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының депозиттері сыйақысының тиісінше көлемі, ең жоғары жылдық тиімді және орташа өлшемді жылдық тиімді мөлшерлемесі көрсетіледі. Егер есепті ай ішінде мерзімі ұзартылған депозит бойынша сыйақы мөлшерлемесі қайта өзгертілген болса, онда 5-кестенің 7-бағанында депозиттің мерзімі ұзартылғаннан кейін, оның өзгеруін ескере отырып, есепті ай ішінде болған барлық мөлшерлемелердің ішіндегі ең үлкен ең жоғары жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі. Бұл ретте есепті айда сыйақы мөлшерлемесі қайта өзгертілген есепті айда мерзімі ұзартылған депозиттер 5-кестенің 12, 13 және 14-бағандарында қайталанбайды. Депозиттер көлемін есептеу кезінде мерзімі ұзартылған сәтіндегі сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруімен мерзімі ұзартылған депозит сомасы және ол бойынша мерзімі ұзартылған күнінен бастап есепті айдағы барлық әкеліну ескеріледі.

5-кестенің 9, 10 және 11-бағандарында тиісінше екінші деңгейдегі банктің және Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының депозиттері сыйақысының көлемі, ең жоғары жылдық тиімді және орташа өлшемді жылдық тиімді мөлшерлемесі белгіленген пайыздық мөлшерлесі бар депозиттің әрбір санаты бойынша көрсетіледі.

5-кестенің 6, 7, 8, 9, 10 және 11-бағандары осы түсіндірменің 30-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес толтырылуға тиіс. Яғни, егер бастапқыда сыйақы мөлшерлемесін сақтай отырып, мерзімі ұзартылған болса, содан кейін есепті ай ішінде осындай депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің жалпы өзгеруі орын алса, онда мәліметтер 5-кестенің 9, 10 және 11-бағандарында көрсетіледі.

Егер есепті ай ішінде мерзімі ұзартылған депозит бойынша сыйақы мөлшерлемесі өзгертілген болса, онда 5-кестенің 10-бағанында депозиттің мерзімі ұзартылғаннан кейін, оның өзгеруін ескере отырып, есепті ай ішінде болған барлық мөлшерлемелердегі ішіндегі ең жоғары жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі. Бұл ретте есепті айда сыйақы мөлшерлемесі өзгертілген есепті айда мерзімі ұзартылған депозиттер 5-кестенің 12, 13 және 14-бағандарында қайталанбайды. Депозиттердің көлемін есептеу кезінде мерзімі ұзартылған депозиттің сомасы мерзімін

ұзарту сәтіндегі сыйақы мөлшерлемесін өзгертпестен және ол бойынша есепті айдағы барлық әкеліну, осындай депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің жалпы өзгеруінен кейін болған әкелінуді қоса алғанда, мерзімін ұзарту күнінен бастап есепке алынады.

Есепті айда 1 реттен артық мерзімі ұзартылған депозиттер (мерзімі 1 (бір) айға дейін қоса алғанда депозиттер) бастапқыда мерзімі ұзартылған көлем бойынша бірінші рет мерзімнің ұзартылғаны көрсетіледі, бұл ретте осы депозиттің мерзімін ұзарту кезінде есепті ай ішінде болған барлық мөлшерлемелердің ішінен сыйақының ең үлкен ең жоғары мөлшерлемесі көрсетіледі. Есепті айда мерзімі ұзартылған депозиттер бойынша қалдық бастапқы мерзімін ұзарту күніне айқындалады. Мұндай депозиттер бойынша әкеліну бастапқы мерзімін ұзарту күнінен бастап енгізіледі.

34. 5-кестенің 12, 13 және 14-бағандарында есепті ай ішінде сыйақы мөлшерлемелері өзгертілген мерзімі ұзартылған депозиттер мен жаңадан тартылған депозиттерді қоспағанда, белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар депозиттің әрбір санаты бойынша сыйақы мөлшерлемелері есепті айда өзгертілген екінші деңгейдегі банк депозиттері сыйақысының тиісінше көлемі, жылдық ең жоғары тиімді және орташа өлшемді жылдық тиімді мөлшерлемелері көрсетіледі. Депозиттер көлемін есептеу кезінде сыйақы мөлшерлемесі өзгерген сәттегі депозит сомасы және ол бойынша есепті айдағы барлық әкеліну есепке алынады.

Есепті айда сыйақы мөлшерлемесі өзгертілген депозиттер бойынша қалдық сыйақы мөлшерлемесі өзгерген күнге айқындалады. Мұндай депозиттер бойынша әкеліну сыйақы мөлшерлемесі өзгерген күннен бастап қосылады.

35. Әрбір жаңадан тартылған депозит 29-тармақта көрсетілген жаңадан тартылған депозиттер түрлерінің біріне ғана жатқызылуы тиіс.

5-кестенің 3, 6, 9 және 12-бағандарының сомасы есепті айда олар бойынша барлық әкелінуді ескере отырып, есепті айда жаңадан тартылған депозиттердің көлеміне тең болуға тиіс.

36. Есепті ай ішінде тартылған салымның әрбір санаты бойынша, оның ішінде салымның мерзіміне байланысты (бұл көрсетілген жерде) жеке есептелетін орташа өлшемді жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша көрсетіледі:

$$\text{ЖТСМ}_{\text{орт. өлш.}} = \frac{\sum_{i=1}^n \text{ЖТСМ}_i * V_i}{\sum_{i=1}^n V_i}$$

мұнда:

ЖТСМ орт. өлш. – салымның белгілі бір санаты бойынша орташа өлшемді жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

ЖТСМ<sub>і</sub> – салымның белгілі бір санаты бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

V<sub>і</sub> – белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар салымның әрбір санаты бойынша есепті айда жаңадан тартылған, сыйақыны есептемегенде (капиталдандырылған сыйақы сомасын қоспағанда) бірдей ЖТСМ<sub>і</sub> бойынша тартылған салымдардың сомасы (барлық ағындар).

Есепті айда жаңадан тартылған салымдардың сомасын есептеу кезінде осы түсіндірменің 29-тармағында көрсетілген есепті айда жаңадан тартылған салым бойынша барлық ағындар ескеріледі.

37. Егер жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның бірден көп ондық таңбасы болса, ол мына тәсілмен ондық үлеске дейін дөңгелектенуге тиіс:

егер жүздік үлес 5 (бестен) көп немесе оған тең болса, ондық үлес 1 (бірге) ұлғайтылады, одан кейін келетін барлық таңбалар алып тасталады;

егер жүздік үлес 5 (бестен) аз болса, ондық үлес өзгеріссіз қалады, одан кейін келетін барлық таңбалар алып тасталады.

38. 6-кесте есепті айдың бірінші күнінен соңғы күніне дейінгі (қоса алғанда) кезеңде екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар ұлттық валютадағы жеке тұлғалардың тартылған салымдары бойынша толтырылады.

39. 6-кестенің 3-бағанын толтыру үшін бенчмарктер (сыйақы мөлшерлемелерімен салыстыруға арналған нарық индикаторлары) туралы мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі бойынша – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында жарияланатын деректер;

инфляция деңгейі бойынша – мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган жариялайтын ресми статистикалық ақпарат;

ақша нарығының мөлшерлемелері бойынша: ТОНИА (TONIA) – Теңге ОверНайт Индекс Авередж (Tenge OverNight Index Average), ТВИНА (TWINA) – Теңге Вик Индекс Авередж (Tenge Week Index Average) – "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының ресми интернет-ресурсында жарияланатын деректер.

40. 6-кестенің 4-бағанында өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар салымның әрбір санаты бойынша есепті айда тартылған банк салымдарының көлемі көрсетіледі. Есепті айда жаңадан тартылған салымдардың көлемін есептеу кезінде есепті айда жаңадан тартылған салым бойынша барлық әкеліну ескеріледі.

41. 6-кестенің 5-бағанында өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар салымның әрбір санаты бойынша екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы дербес есептейтін және белгілейтін пайыздық спрэд мөлшерлемесінің мәні көрсетіледі.

Егер бір бенчмаркі бар, өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар салымдар бойынша пайыздық спрэд мөлшерлемесінің әртүрлі мәндері қолданылған жағдайда қолданылған пайыздық спрэдтің ең жоғары мөлшерлемесі көрсетіледі.

42. 6-кестенің 6-бағанында есепті ай ішінде тартылған салымның әрбір санаты ішінде ең жоғары жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі.

43. Бір немесе бірнеше санат бойынша салымдар болмаса бағандар мен тиісті жолдар толтырылмайды.

44. 7-кестенің 1-бағанында жеке тұлғалардың депозиттерін тарту үшін агенттік желінің бар-жоғы (иә немесе жоқ) көрсетіледі.

45. Мәліметтер болмаса (яғни 7-кестенің 1-жолында "жоқ" деп көрсету) 7-кестенің 2 және 3-бағандары толтырылмайды.

46. 7-кестенің 2-жолында екінші деңгейдегі банктің және Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының Ұлттық пошта операторы арқылы жеке тұлғалардың депозиттерін тарту фактілерінің болуы немесе болмауы туралы деректер (иә немесе жоқ) көрсетіледі.

47. 7-кестенің 3-жолында екінші деңгейдегі банктің және Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының өзге делдалдардың (Ұлттық пошта операторын қоспағанда) қызметтері арқылы жеке тұлғалардың депозиттерін тарту фактілерінің болуы немесе болмауы туралы деректер (иә немесе жоқ) көрсетіледі.

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының және  
"Қазақстанның Даму Банкі"  
акционерлік қоғамының  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
14-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Талаптар мен міндеттемелерді орындау кестелеріне сәйкес қаражат әкету және әкелу туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: GAP-1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

(мың теңгемен)

№	Активтер	Орындау мерзімі белгіленбеген активтер (міндеттемелер)	
		ұлттық валютада	шетел валютасында
		1	2
	Активтер	x	x
1	Ақшалай қаражат (касса, жолдағы күн, банкоматтар және басқалар)		
2	Басқа банктерде орналастырылған корреспонденттік шоттар мен салымдар (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда)		
3	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған корреспонденттік шоттар мен салымдар		
4	Бағалы қағаздар, оның ішінде:		
4.1.	әділ құны бойынша		
4.2.	амортизацияланған құн бойынша		
5	Банкаралық қарыздар		
6	Клиенттерге қарыздар, оның ішінде:		
6.1	заңды тұлғаларға		
6.1.1	негізгі борыш		
6.1.2	сыйақы		
6.2	жеке тұлғаларға		
6.2.1	негізгі борыш		
6.2.2	сыйақы		
7	Бағалы қағаздармен "кері репо" операциялары		

8	Капиталға инвестициялар және реттелген борыш		
9	Басқа дебиторлар		
10	Ақшалай қаражаттың әкелінуі болжанатын өзге де активтер		
	Активтер бойынша жиыны:		
	Міндеттемелер	x	x
11	Корреспонденттік шоттар және басқа банктердің салымдары		
12	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің корреспонденттік шоттары мен салымдары		
13	Алынған қарыздар, оның ішінде:		
13.1.	негізгі борыш		
13.2.	сыйақы		
14	Клиенттердің салымдары, оның ішінде:		
14.1.	заңды тұлғалар		
14.2.	жеке тұлғалар		
15	Бағалы қағаздармен репо операциялары		
16	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар, оның ішінде:		
16.1.	негізгі борыш		
16.2.	сыйақы		
17	Реттелген борыштар, оның ішінде:		
17.1.	негізгі борыш		
17.2.	сыйақы		
18	Төленген дивидендтер		
19	Басқа кредиторлар		
20	Ақшалай қаражаттың әкетілуі болжанатын өзге де міндеттемелер		
	Капитал	x	x
21	Акцияларды орналастыру		
22	Айналысқа шығарылған акцияларды сатып алу		

	Міндеттемелер мен капитал бойынша жиыны :		
	Баланстан тыс құралдар	x	x
23	Кепілдіктер		
24	Кредит желілері		
25	Басқалар		
	Баланстан тыс құралдар бойынша жиыны		

**кестенің жалғасы:**

Негізгі борыш және есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ, сондай-ақ негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі 30 (отыз) күннен аспайтын талаптар мен міндеттемелер бойынша әкеліну мен әкетілу

алдағы есепті ай ішінде		31 (отыз бір) күннен 90 (тоқсан) күнге дейін	91 (тоқсан бір) күннен 180 (бір жүз сексен) күнге дейін
ұлттық валютада	ш е т е л валютасында	ұлттық валютада	ш е т е л валютасында
3	4	5	6

**кестенің жалғасы:**

181 (бір жүз сексен бір) күннен 365 (үш жүз алпыс бес) күнге дейін		1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам
ұлттық валютада	ш е т е л валютасында	ұлттық валютада	ш е т е л валютасында
9	10	11	12

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Талаптар мен міндеттемелерді орындау кестелеріне сәйкес қаражат

әкету және әкелу туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған

нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Талаптар мен міндеттемелерді орындау кестелеріне сәйкес қаражат әкету және әкелу

**Талаптар мен міндеттемелерді орындау кестелеріне сәйкес қаражат әкету және әкелу туралы есеп (индексі – GAP-1, кезеңділігі – ай сайын)**

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Талаптар мен міндеттемелерді орындау кестелеріне сәйкес қаражат әкету және әкелу туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды екінші деңгейдегі банктер ай сайын есепті айдың соңындағы жағдай бойынша жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Алдағы әкеліну бойынша деректер абсолюттік мәнде оң сан ретінде көрсетіледі, алдағы әкетілу бойынша деректер абсолюттік мәнде теріс сан ретінде көрсетіледі.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. Нысанда талаптар мен міндеттемелерді орындау кестелеріне сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент бойынша әкеліну мен әкетілу туралы мәліметтер көрсетіледі. Ақшалай қаражаттың әкелінуі мен әкетілуі негізгі борыш бойынша да, сыйақы бойынша да көрсетіледі

6. Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ, сондай-ақ негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын барлық активтер алдағы кезеңде талаптарды орындау кестесіне сәйкес бөлінеді.

7. Барлық міндеттемелер мен баланстан тыс құралдар орындау кестесіне сәйкес бөлінеді.

8. Орындау кестесі белгіленбеген активтер, міндеттемелер және баланстан тыс құралдар бойынша мәліметтер кестенің 1 және 2-бағандарында көрсетіледі.

9. 4-жолда әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар 1 және 2-бағандарда көрсетіледі. Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар орындау кестелеріне сәйкес көрсетіледі.

10. 6, 13, 16 және 17-жолдарда ақшалай қаражаттың әкелінуі мен әкетілуі негізгі борыш пен сыйақыға бөлініп көрсетіледі.

11. 10-жолда өзге активтер алдыңғы жолдарда көрсетілмеген активтер бойынша ақшалай қаражаттың әкелінуі туралы мәліметтер көрсетіледі.

12. 18, 21 және 22-жолдарда мәліметтер банктің директорлар кеңесінің, акционерлердің жалпы жиналысының және банктің өзге де уәкілетті органдарының тиісті шешімі болған кезде көрсетіледі.

13. 20-жолда алдыңғы жолдарда көрсетілмеген өзге міндеттемелер бойынша ақшалай қаражаттың әкетілуі туралы мәліметтер көрсетіледі.

14. Баланстан тыс құралдар бойынша ақшалай қаражаттың әкелінуі мен әкетілуі арасындағы айырма көрсетіледі.

15. Деректер болмаған жағдайда, тиісті жолдарда көрсеткіштер берілмейді.

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының және  
"Қазақстанның Даму Банкі"  
акционерлік қоғамының  
есептілікті ұсыну қағидаларына  
15-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)  
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Қолма-қол ақшамен операциялар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: CASH-1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың отызыншы күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Клиенттердің операциялары бойынша мәліметтер

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	2	3

1	Референс	
2	Өңір	
3	Есеп айырысу-касса бөлімшесі	
4	Операциялар санаты	
5	Клиент типі	
6	Кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары	
7	Клиенттің экономикалық қызметінің түрі	
8	Операция түрі	
9	Сомасы	

## 2-кесте. Кассалық операциялар бойынша мәліметтер

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	2	3
1	Референс	
2	Өңір	
3	Операциялар санаты	
4	Операция түрі	
5	Сомасы	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Қолма-қол ақшамен операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді

өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қолма-қол ақшамен  
операциялар туралы есеп"  
әкімшілік деректерді өтеусіз  
негізде жинауға арналған  
нысанына қосымша

**Қолма-қол ақшамен операциялар туралы есеп (индексі – CASH-1, кезеңділігі – ай сайын)**

## **әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Қолма-қол ақшамен операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалдары ай сайын жасайды.

3. Нысан есепті айдың соңындағы жағдай бойынша жасалады. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі – теңге. Құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сандарда көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

5. Нысанның мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) электрондық құрылғылар – POS-терминалдарды қоспағанда, банкоматтар, электрондық терминалдар және қолма-қол ақшаны қабылдау және (немесе) беру жөніндегі кассалық операцияларға немесе операциялардың өзге түрлерін жүзеге асыруға, тиісті растайтын құжаттарды қалыптастыруға арналған өзге де құрылғылар;

2) POS-терминал – төлем карточкаларын пайдалана отырып және екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалының ақпараттық жүйесіне қосылу арқылы қолма-қол ақша беру жүзеге асырылатын электрондық-механикалық құрылғы.

6. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіштер толтырылуы міндетті болып табылады.

### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

7. Нысанда заңды (меншіктің барлық нысандарындағы), жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының екінші деңгейдегі банктің кассалары, электрондық құрылғылары және POS-терминалдары арқылы қолма-қол ақшаны пайдалана отырып жүзеге асырған операциялары (кіріс, шығыс) туралы мәліметтер көрсетіледі.

8. 1 және 2-кестелердің 1-жолы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде есеп жолының сәйкестендіргіш ретінде қызмет ететін референсті көрсетуге арналған. Референс қолма-қол ақшамен операция туралы мәліметтерді ұсынатын екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы үшін бірегей болып табылады.

9. 1-кестенің 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-жолдарында және 2-кестенің 2, 3 және 4-жолдарында мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардан таңдалады.

1-кестенің 2-жолында және 2-кестенің 2-жолында өңірлер облыс немесе республикалық маңызы бар қала деңгейінде "Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші" (ӘАОЖ) ҚР ҰЖ 11-2025 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес толтырылады.

10. 1-кестенің 3-жолында екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы жүргізетін анықтамалыққа сәйкес қолма-қол ақшамен кіріс-шығыс операциясы жүзеге асырылған екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалының есеп айырысу-касса бөлімшесі көрсетіледі.

Көрсеткіш электрондық құрылғылар мен POS-терминалдар арқылы жасалған қолма-қол ақшамен жасалатын кіріс және шығыс операцияларын қоспағанда, барлық операциялар бойынша толтыру үшін міндетті болып табылады.

11. 1-кестенің 6-жолында кәсіпкерлік субъектісінің санаты (заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер болып табылатын клиенттер бойынша) көрсетіледі.

12. 1-кестенің 7-жолында заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер болып табылатын клиенттердің экономикалық қызмет түрі "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші" (ӘКЖЖ) ҚР ҰЖ 03-2019 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

13. 1-кестенің 8-жолы мынадай кіріс және шығыс баптарына жіктеледі:

1) қолма-қол ақша кірісі бабы:

"Тауарларды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден және орындалған жұмыстардан түсетін түсімдер" бабында:

меншіктің барлық нысанындағы заңды тұлғалардан, дара кәсіпкерлерден;

сауда және саудаға жатпайтын кәсіпорындардың тауарларды сатуынан;

заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің негізгі қызметін құрайтын қызметтер мен жұмыстардың түрлерінен: тұрмыстық, медициналық, заңдық, жөндеу-құрылыс, салттық қызметтер және білім беру саласындағы қызметтерден;

банк қызметтерін көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы төлеуге заңды тұлғалардан, дара кәсіпкерлерден (бюджетке төленетін төлемдерді қабылдауға арналған бланкілер үшін алымдар және басқалары);

заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер қызметінің негізгі түріне жатпайтын, бұл ретте Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін қызметтер мен жұмыстардың жоғарыда аталған түрлерінен, қызметтердің басқа түрлерін көрсетуден түсетін қолма-қол ақшаның түсімдері көрсетіледі.

"Шоттарға түсімдер" бабында салымдарды, ағымдағы және карточкалық шоттарды толықтыру үшін заңды, жеке тұлғалардан және дара кәсіпкерлерден екінші деңгейдегі

банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалының кассаларына түсетiн қолма-қол ақшаның түсiмдерi көрсетiледi;

"Қазақстан Республикасы бойынша ақша аударымдары жүйесi арқылы (шот ашпай) бiр жолғы аударым үшiн жеке тұлғалардан түсетiн түсiмдер" бабында Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа тұлғалардың пайдасына ақша аударымдары жүйесi арқылы (екiншi деңгейдегi банкте, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалында шот ашпай) ақша аударымдарын жүзеге асыру үшiн жеке тұлғалардан түсетiн қолма-қол ақшаның түсiмдерi көрсетiледi;

"Ақша аударымдары жүйелерi арқылы (шот ашпай) шетелге бiр жолғы аударым үшiн жеке тұлғалардан түсетiн түсiмдер" бабында ақша аударымдары жүйесi арқылы (екiншi деңгейдегi банкте, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалында шот ашпай) Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегi басқа тұлғалардың пайдасына аударымдар жүзеге асыру үшiн жеке тұлғалардан түсетiн қолма-қол ақшаның түсiмдерi көрсетiледi;

"Қарыздарды өтеу" бабында қарыздарды және олар бойынша есептелген сыйақыны өтеу есебiне жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсiпкерлердiң ағымдағы шоттарына қолма-қол ақшаның түсiмдерi, басқа қаржы ұйымдарында ресiмделген қарыздарды өтеу үшiн шот ашпай төлемдердi қабылдауы көрсетiледi;

"Электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақшаның түсiмдерi" бабында электрондық құрылғылар арқылы жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсiпкерлердiң шоттарына қолма-қол ақшаның түсiмдерi көрсетiледi;

"Қолма-қол ақша кiрiсiнiң" жоғарыда келтiрiлген баптары бойынша есепке алынбаған қолма-қол ақшаның түсiмдерi" бабында "Қолма-қол ақша кiрiсiнiң" жоғарыда келтiрiлген баптары бойынша есепке алынбаған барлық өзге түсiмдер көрсетiледi.

## 2) қолма-қол ақша шығысының баптары:

"Тауарларға, көрсетiлетiн қызметтерге және орындалған жұмыстарға ақы төлеуге беру" бабында меншiктiң барлық нысанындағы заңды тұлғалар мен дара кәсiпкерлерге тауарлар, көрсетiлетiн қызметтер мен орындалған жұмыстар үшiн есеп айырысу үшiн, шаруашылық және өкiлдiк шығыстарына, оның iшiнде заттарды, асыл тастар мен металдарды, өнер заттарын, антиквариат және қолөнер-қолдан жасалған бұйымдарын сатып алуға, кәдеге жарату шикiзатын, металл сынықтарын дайындауға, халықтан шыны ыдысты сатып алуға құқығы бар заңды тұлғаларға және дара кәсiпкерлерге қолма-қол ақша беру көрсетiледi;

"Шоттардан беру" бабында екiншi деңгейдегi банктiң жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсiпкерлердiң ағымдағы, карточкалық шоттарынан қолма-қол ақша беруi, салымдар мен олар бойынша сыйақыны қайтару көрсетiледi;

"Қазақстан Республикасы бойынша бiр жолғы аударым бойынша ақша аударымдары жүйелерi арқылы (шот ашпай) жеке тұлғаларға қолма-қол ақша беру"

бабында жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа тұлғалардан аударымдар бойынша түсімдер есебінен ақша аударымдары жүйесі арқылы (екінші деңгейдегі банкте, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалында шот ашпай) қолма-қол ақша беру көрсетiледi;

"Шетелден бiр жолғы аударым бойынша ақша аударымдары жүйелерi арқылы (шот ашпай) жеке тұлғаларға қолма-қол ақша беру" бабында жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегi басқа тұлғалардан аударымдар бойынша түсімдер есебінен ақша аударымдары жүйесі арқылы (екінші деңгейдегі банкте, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалында шот ашпай) қолма-қол ақша беру көрсетiледi;

"Қарыз беру" бабында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген мақсаттарға жеке, заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге ағымдағы шоттан қолма-қол ақшамен қарыз беру көрсетiледi;

"Электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша беру" бабында электрондық құрылғылар арқылы жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің шоттарынан қолма-қол ақша беру көрсетiледi;

"POS-терминалдар арқылы қолма-қол ақша беру" бабында POS-терминалдар арқылы қолма-қол ақша беру көрсетiледi;

"Қызметкерлермен есеп айырысу үшін қолма-қол ақша беру" бабында жалақыны, еңбекке уақытша қабілетсіздік кезінде еңбекке жарамсыздық парағы бойынша төлемді, іссапар бойынша шығысты өтеуді немесе төлеуді, демалыс төлемдерін, сыйлықақыларды, қосымша ақылар мен үстемеақыларды, өтемақыларды, жәрдемақыларды және басқаларды қоса алғанда, еңбекке ақы төлеудің барлық түрлері бойынша есеп айырысу үшін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің ағымдағы шоттарынан қолма-қол ақша беру көрсетiледi;

"Қолма-қол ақша шығысы" жоғарыда келтірілген баптары бойынша ескерілмеген қолма-қол ақша беру" бабында "Қолма-қол ақша шығысы" жоғарыда келтірілген баптары бойынша ескерілмеген қолма-қол ақшаны басқа да беру көрсетiледi.

14. 2-кестенің 4-жолы мынадай кіріске жазу және шығысқа жазу баптарына жіктеледі:

1) қолма-қол ақшаны кіріске жазу баптары:

"Электрондық құрылғылардан алынған қолма-қол ақшаның түсімдері" бабында электрондық құрылғылардан алынған қолма-қол ақшаның түсімдері көрсетiледi;

"Екінші деңгейдегі банктің айырбастау пункттерінің шетел валютасын сатуынан түсетін түсімдер" бабында сатылған шетел валютасына қолма-қол ақшаның меншікті айырбастау пункттерінен, екінші деңгейдегі банктен түсімдері көрсетiледi;

"Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғалардың шетел валютасын сатуынан түсетін

түсімдер" бабында қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғалардан сатылған шетел валютасына қолма-қол ақшаның түсімдері көрсетіледі;

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасынан екінші деңгейдегі банктің операциялық кассасына қолма-қол ақшаның түсімдері" бабында екінші деңгейдегі банктің операциялық кассаларын нығайту үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасынан қолма-қол ақшаның түсімдері көрсетіледі;

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасынан Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалының операциялық кассасына қолма-қол ақшаның түсімдері" бабында Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалының операциялық кассаларын бекіту үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасынан қолма-қол ақшаның түсімдері көрсетіледі;

"Екінші деңгейдегі банктің операциялық кассасына оның кассалық бөлімшелерінен және екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларынан қолма-қол ақшаның түсімдері" бабында:

екінші деңгейдегі банктің касса торабынан тыс орналасқан оның дербес операциялық кассаларынан екінші деңгейдегі банктің операциялық кассасына (екінші деңгейдегі банктің желісі бойынша қолма-қол ақшаның орын ауыстыруы: бас офис кассасы, филиалдың кассасы, екінші деңгейдегі банктің касса торабынан тыс орналасқан касса);

басқа екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларынан екінші деңгейдегі банктің операциялық кассасына қолма-қол ақшаның түсімдері көрсетіледі;

"Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалының операциялық кассасына оның кассалық бөлімшелерінен және екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларынан қолма-қол ақшаның түсімдері" бабында:

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалының касса торабынан тыс орналасқан оның дербес операциялық кассаларынан Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалының операциялық кассасына;

екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларынан Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалының операциялық кассасына қолма-қол ақшаның түсімдері көрсетіледі;

2) қолма-қол ақшаны шығысқа жазу баптары:

"Есепті кезеңнің соңындағы операциялық кассадағы қолма-қол ақшаның қалдығы" бабында есепті кезеңнің соңындағы екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалының операциялық кассасындағы қолма-қол ақшаның қалдықтары көрсетіледі;

"Электрондық құрылғыларды жүктеу үшін қолма-қол ақша беру" бабында электрондық құрылғыларды бекіту үшін қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Екінші деңгейдегі банктің меншікті айырбастау пункттеріне шетел валютасын сатып алуына қолма-қол ақша беру" бабында шетел валютасын сатып алуға меншікті айырбастау пункттеріне қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

